

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ  
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВА ТРАНСПОРТА РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

---

---

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ  
ВЕДОМСТВЕННЫЙ СВОД ПРАВИЛ**

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС  
ҚАУІПСІЗДІГІ РӘСІМДЕРІ  
ҚР ВЕЖ 1.3-001-2024**

**ПРОЦЕДУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ  
НА АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГАХ  
ВСП РК 1.3-001-2024**

**Ресми басылым**

**Издание официальное**

**Астана 2024**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ  
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ

---

---

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС  
ҚАУІПСІЗДІГІ РӘСІМДЕРІ

ҚР ВЕЖ 1.3-001-2024

Ресми басылым

Астана 2024



## Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жалпы ережелер	5
5.1 Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттары	5
5.2 Жол желісінің қауіпсіздігін басқару рәсімі	5
5.3 Үдерістік моделі	6
5.4 Инженерлік-техникалық жылдамдықты басқару	6
6 Ақпаратты жинау және талдау	7
6.1 Жол қауіпсіздігін талдау статистикасы	7
6.2 Жалпы жол жағдайлары туралы ақпарат	7
6.3 Көлік ағынының сипаттамаларын есепке алу	8
6.4 Жол қозғалысының осал қатысушыларын есепке алу	8
6.5 Жабайы және үй жануарларының жолға шығу орындарын есепке алу	9
6.6 Өлеуметтік зерттеулер	9
6.7 Жол инфрақұрылымы туралы деректерді жинау	9
6.8 Жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі	9
7 Тәуекелдерді анықтау және бағалау	10
7.1 Қауіпті сәйкестендіру	10
7.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсерді бағалау	10
7.3 ЖКО экономикалық шығындарын бағалау	11
7.4 Тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру	11
7.5 Тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау	12
7.6 ЖҚҚ қаржылық қамтамасыз ету	12
8 Автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігі рәсімдері	13
8.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті	13
8.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы	16
8.3 Пайдалану және күтіп-ұстау кезеңінде ЖҚҚ қамтамасыз ету рәсімдері	19
8.4 ЖКО талдау рәсімі	20
8.5 ЖКО ШОБ рәсімі	23
9 Қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру үдерісі	25
9.1 Жалпы ережелер	25
9.2 Кадрлық қамтамасыз ету	26
9.3 Ғылыми-зерттеу жұмыстары	26
9.4 Тиімділікті бақылау	26
А қосымшасы (ақпараттық) Автомобиль жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің үдерістік моделінің сипаттамасы	27
Б қосымшасы (ақпараттық) Жол-көлік оқиғасы орнындағы акт	35
В қосымшасы (ақпараттық) Автомобиль жолдарының қозғалыс қауіпсіздігі аудиторының мінез-құлық кодексі	42
Г қосымшасы (ақпараттық) Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудитінің бақылау тізімі	43
Библиография	58

## **Кіріспе**

Жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету - азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Жол қауіпсіздігі мәселесін тиімді шешу үшін инженерлік-техникалық басқаруға кешенді және жүйелі тәсіл қажет.

Осы құжаттың мақсаты - озық халықаралық стандарттар мен әлемдік практикаға негізделген Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігін басқару жөніндегі басшылықты ұсыну.

Құжат жол саласының мамандарына, басқару органдарына, жобалау ұйымдарына және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын барлық мүдделі тараптарға арналған. Бұл ретте осы ведомстволық ережелер жинағында белгіленген үдерістік модель автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігіне ықпал етеді.

## 1 Қолдану саласы

Осы құжат Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын мүдделі тараптардың кең ауқымында қолдануға арналған және автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органның құзыреті шегінде тек қана жол инфрақұрылымына қолданылады.

Ведомстволық ережелер жинағы апаттылықты төмендету және жол қозғалысының барлық қатысушыларының қауіпсіз жүріп-тұруы үшін жағдайлар жасау бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған автомобиль жолының бүкіл өмірлік циклінің қозғалыс қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдерін белгілейді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы ведомстволық ережелер жинағында мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1124-2019 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол таңбасы. Жіктемесі. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1278-2004 Жол шектеулері жүйесі. Қауіпсіздіктің металл тосқауылдары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1279-2013 Автомобиль жолдары және әуежайлар. Жолдың кедір-бұдырлығын және автомобиль доңғалақтарының жол жабынымен ілінісу коэффициентін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1378-2005 Автомобиль жолдары. Қозғалыс қарқындылығын есепке алу.

ҚР СТ 1412-2017 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құрылдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1912-2023 Автомобиль жолдары мен көшелері. Пайдалану күйінің нормалары мен талаптары.

ҚР СТ 2025-2017 Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары. Техникалық жіктеу

ҚР СТ 2067-2010 Жалпы қолданыстағы автокөлік жолдары. Абаттандыру элементтері. Жіктеу.

ҚР СТ 1219-2017 Автомобиль жолдары мен аэродромдар. Негіздер мен жабындардың тегіс еместігін өлшеу әдістері.

ҚР СТ 2476-2021 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын талаптар.

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстары орындалатын орындарда қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 3545-2020 Интеллектуалды көлік жүйелері. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 5-597-93 Автомобиль жолдары мен көшелер. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары бойынша рұқсат етілетін пайдалану жағдайына қойылатын талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 52399-2005 Автомобиль жолдарының геометриялық элементтері. Бақылау әдістері.

ГОСТ 32846-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Орналасу элементтері. Жіктеу.

МЕМСТ 32965-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Көлік ағыны қозғалысының қарқындылығын есепке алу әдістері.

МЕМСТ 33100-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Автомобиль жолдарын жобалау ережелері.

МЕМСТ 33101-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол жамылғылары. Тегістікті өлшеу әдістері.

МЕМСТ 33180-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жазғы күтіп-ұстау деңгейіне қойылатын талаптар.

МЕМСТ 33181-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Қысқы күтіп-ұстау деңгейіне қойылатын талаптар.

МЕМСТ 33220-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Пайдалану жағдайына қойылатын талаптар.

МЕМСТ 33475-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Геометриялық элементтер. Техникалық талаптар.

ҚР ЕР 218-19-2023 Көктемгі және күзгі тексеру кезінде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау сапасын бағалау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-27-2014 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-28-2016 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын паспорттау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-31-2019 Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарында апаттық-қауіпті орындарды анықтау, есепке алу және жою жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-35-2016 Автомобиль жолдарын салу мен жөндеу кезінде сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-167-2020 Елді мекендер көшелері. Жобалаудың құрылыс нормалары.

ҚР ЕР 218-181-2021 Тексерілген жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар желісі бойынша апатты-қауіпті орындарды анықтау және жою бойынша нұсқаулық.

Ескертпе - Ведомстволық ережелер жинағын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың мерзімді түрде шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштері бойынша анықтамалық стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме стандарты ауыстырылса (өзгертілсе), онда ведомстволық ережелер жинағын пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме стандарты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

### 3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ведомстволық ережелер жинағында ҚР СТ 1053, [2], [3], [7], [15] бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

**3.1 Жол желісі:** белгілі бір аумақтағы өзара байланысты жолдар жүйесі.

**3.2 Қателерді кешіретін жол:** жол-көлік оқиғасының алдын алу және олардың салдарының ауырлығын азайту арқылы жол қозғалысы қауіпін азайту үшін жобаланған және салынған автомобиль жолы.

**3.3 Автомобиль жолының өмірлік циклі:** автомобиль жолын жоспарлау, жобалау, салу (тұрғызу), қайта құру, жөндеу және күтіп-ұстау сәтінен бастап оны кәдеге жаратуға (жоюға) дейінгі үдерістер жиынтығы орындалатын уақыт кезеңі.

**3.4 ЖКО картограммасы:** автомобиль жолдары, мекенжай белгілері және оларда жасалған ЖКО телімдері бар жергілікті төңіректің топографиялық картасы.

**3.5 ЖКО тәуекелдерінің картасы:** жол қозғалысына қатысушылардың өлімі мен жаралануының нақты санын көрсететін түспен кодталған жол-көлік оқиғалары тәуекелдерінің карталарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ бір шақырымға шаққандағы ЖКО санын; жол қозғалысына қатысушылар тобына шаққандағы ЖКО санын; ЖКО-дан болған экономикалық шығындардың құнын талдауды қамтиды.

**3.6 Жол қауіпсіздігіне әсерді бағалау:** жаңа автомобиль жолын жоспарлаудың әртүрлі нұсқаларының немесе қолданыстағы автомобиль жолын айтарлықтай қайта құрудың жол желісінің қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсерін стратегиялық бағалау.

**3.7 Түсінікті жол:** автомобиль жолының жай-күйі, оны жайластыру жол қозғалысына қатысушыларға, олардың қауіпсіз мінез-құлқына, жылдамдығына, маневрлеріне және басқа пайдаланушылармен өзара іс-қимылына, сондай-ақ ең аз дәрежеде алаңдатуға және тәуекелді іс-әрекеттер жасауға ықпал ете отырып жасайды.

**3.8 Проактивті рәсімдер:** жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және олардың пайда болуы үшін жол-көлік инфрақұрылымының құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты алғышарттарды болдырмауға бағытталған рәсімдер.

**3.9 Реактивті рәсімдер:** жол-көлік оқиғаларының себептерін жоюға, сондай-ақ олар жасалғаннан кейін салдардың ауырлығын төмендетуге бағытталған рәсімдер.

**3.10 Орташа өмір сүру құны (ОӨҚ):** жол-көлік оқиғаларында қаза тапқандардың адам өмірінің құнын анықтауға арналған шартты есептік экономикалық шама.

**3.11 Жол қозғалысының осал қатысушылары:** бұл автомобиль жолындағы көлік құралдарымен өзара әрекеттесу кезінде ерекше тәуекелге ұшыраған, көлік жүргізушілеріне қарағанда аз қорғалған тұлғалар. Бұл санатқа келесілер кіреді: мотоциклшілер, мопедтер, скутерлер және шағын электр және механикаландырылған көліктер, электр скутерлер қолданушылар, сондай-ақ жаяу жүргіншілер, велосипедшілер, мүгедектер секілді моторсыз жол қозғалысына қатысушылар.

**3.12 Жол қозғалысының тиімділігі:** жол қозғалысына кедергі келтірудің минималды ықтималдығын және жол қозғалысы мен қоршаған ортаға қатысушылар үшін экономикалық салдардың минималды деңгейін қамтамасыз ететін жол қозғалысы жағдайы.

#### 4 Белгілер мен қысқартулар

ЖҚҚА	-	жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті
ЖҚҚ	-	жол қозғалысы қауіпсіздігі
ЖКО	-	жол-көлік оқиғасы
ЖКО ТТ	-	жол-көлік оқиғасын егжей-тегжейлі талдау
ЖҚҚИ	-	жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы
ЖҚҚ ӘБ	-	жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсерін бағалау
ЖҚББ	-	жол қауіпсіздігін бағалау бағдарламасы
ЖҚҰТҚ	-	жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары
ТЭН	-	техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЖҚБ	-	жол желісінің қауіпсіздігін басқару
ЖҚҚ ШОБ	-	ЖКО шоғырлану орындарын басқару

## **5 Жалпы ережелер**

Қозғалыс қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдеріне қойылатын талаптар КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламентінің, Жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО директивасының [16] және ОАӨЭЫ Жол қозғалысы қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарының [19], [20], [21], [22], [23], [27], [28] талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

### **5.1 Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттары**

5.1.1 Автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігінің негізгі қағидаты азаматтардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің экономикалық және шаруашылық қызметтен басымдығы болып табылады.

5.1.2 Қозғалыс қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдері «Қателерді кешіретін жол» және «Түсінікті жол» тұжырымдамаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

### **5.2 Жол желісінің қауіпсіздігін басқару рәсімі**

5.2.1 Жол желісінің қауіпсіздігін басқару қауіпсіздік деңгейін арттыру және проактивті және реактивті процедуралардың көмегімен ЖКО қаупін азайту үшін жүргізілетін жүйелі басқару рәсімі болып табылады.

5.2.2 ЖЖҚБ автомобиль жолының өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде тәуекелдерді ерте анықтау және жою үшін жол қозғалысы қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдерін жүргізу арқылы қол жеткізіледі.

5.2.3 Проактивті процедураларға мыналар жатады:

а) жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсерін бағалау;

б) жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті;

в) халықаралық стандарттарды ескере отырып, жол қозғалысын бағалау бағдарламасы;

г) жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы.

5.2.4 Реактивті процедураларға мыналар жатады:

а) жол-көлік оқиғаларының шоғырлану орындарын басқару;

б) жол-көлік оқиғасын толық талдау;

в) ЖЖҚБ.

5.2.5 Жол қозғалысы қауіпсіздігі рәсімдерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар жүргізетін тәуелсіз рәсімдерге мыналар жатады: ЖҚҚ, ЖҚҚА, ЖҚҚБ, ЖҚҚИ, ЖКО ТТ.


5.2.6 Автомобиль жолдарын басқарушылар жүргізетін рәсімдерге мыналар жатады: ЖКО ШОБ; ЖЖҚБ.

5.2.7 Осы ведомстволық нормативтің талаптарына сәйкес жол қозғалысы қауіпсіздігі рәсімдерінің қолданылуын мемлекеттік бақылау автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органға жүктеледі.

5.2.8 Қолданыстағы жолдардың қауіпсіздігі жол берілмейтін және тәуекел деңгейі жоғары ЖКО шоғырлану орындарына қатысты шұғыл шаралар қабылдай отырып, жол қозғалысы қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдерін жүргізумен қамтамасыз етіледі.

### 5.3 Үдерістік модель

5.3.1 Ведомстволық ережелер жинағы жолдың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі тәсілдің мынадай үдерістік моделін айқындайды. Үдерістік модельдің сипаттамасы 1-суретте және А қосымшасында берілген.



1-сурет - Автомобиль жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің үдерістік моделі

5.3.2 Модельдің негізгі компоненттері өзара әрекеттесетін бес негізгі блоктан тұрады: «Үдеріс кірісі», «Басқару үдерістері», «Негізгі үдерістер», «Қамтамасыз ету үдерістері» және «Үдерістің шығуы».

### 5.4 Қозғалыс жылдамдығын инженерлік-техникалық басқару

5.4.1 Жол қозғалысы жылдамдығын инженерлік-техникалық басқару - бұл жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және ЖКО ықтималдығын азайту мақсатында көлік құралдарының жылдамдығын реттеуге бағытталған инженерлік іс-шаралар мен технологиялар кешені.

5.4.2 Жылдамдықты инженерлік-техникалық басқару шаралары [28] сәйкес жүзеге асырылады:

- бастапқыда жылдамдық режимдерінен асып кету ықтималдығы төмен автомобиль жолдарын жобалау;
- жол қозғалысын ұйымдастырудың тиісті техникалық құралдарын қолдану;
- жылдамдық режимдерін өлшеу үшін техникалық құралдарды қолдану.

## **6 Ақпаратты жинау және талдау**

### **6.1 Жол қауіпсіздігін талдау статистикасы**

6.1.1 Статистикалық деректер мен жол қозғалысы қауіпсіздігі көрсеткіштерін талдау нәтижелері автомобиль жолдарындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі тиісті инженерлік-техникалық шараларды жоспарлау және іске асыру үшін негіз болуы тиіс.

6.1.2 Автомобиль жолдарын басқарушылар мен пайдаланушы ұйымдар ЖКО және олардың салдары туралы статистикалық деректерді, оның ішінде Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Апаттылық картасының деректерін пайдалана отырып, жүйелі түрде жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.

6.1.3 Статистикалық деректер Б қосымшасына сәйкес нысан бойынша ЖКО есепке алу актілері негізінде қалыптастырылады.

6.1.4 Статистикалық деректерді талдау кезеңділігін автомобиль жолдарын басқарушылар мен пайдаланушы ұйымдар жылына кемінде бір рет белгілейді.

6.1.5 ЖКО туралы жиналған статистикалық деректер негізінде жол қозғалысы қауіпсіздігінің мынадай негізгі көрсеткіштері есептеледі:

- а) апат деңгейі;
- б) көлік тәуекелі;
- в) ЖКО салдарының ауырлық көрсеткіштері;
- г) ЖКО залалын көрсететін экономикалық көрсеткіштер;
- д) ЖКО шоғырлану орындарын және жоғары тәуекел аймақтарын анықтау үшін

ЖКО сапалық және сандық талдау.

е) қолданылатын шаралардың басым бағыттарын айқындау үшін өңірлер, елді мекендер, жекелеген автомобиль жолдары бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігінің салыстырмалы көрсеткіштері.

### **6.2 Жалпы жол жағдайлары туралы ақпарат**

6.2.1 Автомобиль жолдарының менеджерлері жыл сайын автомобиль жолдарындағы жалпы жол жағдайлары туралы ақпаратты олардың жол қауіпсіздігіне әсерін бағалау мақсатында жинайды немесе нақтылайды.

6.2.2 Жалпы жол жағдайлары туралы ақпарат мынадай деректерді қамтиды:

- а) автомобиль жолының класы және санаты;
- б) автомобиль жолының маңызы;
- в) пландағы және бойлық пішіндегі көріну;
- г) қысқы және көктемгі кезеңдерде жолды қар немесе құм басу дәрежесі;
- д) желдің немесе боранның қатты әсеріне ұшыраған телімдердің болуы;
- ж) мал жаю немесе жабайы жануарлардың автомобиль жолы арқылы өтуі мүмкін

аймақтар;

з) жергілікті жағдайларға тән қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да ерекше жағдайлар.

6.2.3 Жалпы жол жағдайлары туралы деректерді жинау және нақтылау:

- а) автомобиль жолдарын көзбен шолып тексеру;
- б) автомобиль жолдарын аспаптық зерттеу;
- в) метеорологиялық қызметтер мен ауа райы жағдайларын мониторингілеу жүйелерінің деректерін пайдалану;
- г) жол жағдайларының әсеріне байланысты оқиғалар туралы деректерді талдау.

6.2.4 Жалпы жол жағдайлары туралы жиналған ақпаратты пайдаланушы ұйым жүргізуі тиіс. Жалпы жол жағдайлары туралы деректер жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып, автомобиль жолдарын жоспарлау, жобалау, салу, жөндеу және күтіп-ұстау үдерістері үшін үнемі өзектендіріліп, кіріс деректері ретінде пайдаланылуы тиіс.

### **6.3 Көлік ағынының сипаттамаларын есепке алу**

6.3.1 Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автомобиль жолдарының өткізу қабілетін арттыру және жаңғырту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау үшін жол желісіндегі көлік ағынының сипаттамалары: қарқындылығы, құрамы және жылдамдығы туралы өзекті деректер болуы қажет.

6.3.2 Көлік ағынының сипаттамаларын есепке алу әдістемесі ГОСТ 32965 және басқа да тиісті көздерде көрсетілген. Көлік ағынының сипаттамаларын есепке алу кезеңділігі жылына кемінде бір рет айқындалады.

6.3.3 Автомобиль жолдарының өткізу қабілетін ҚР СТ 1378 және ҚР Ұ 218-171 [13] бойынша 10 және 20 жылға болжау және жоспарлау қажет.

6.3.4 Көлік ағынының қарқындылығы мен құрамын есепке алуды автомобиль жолдарын басқарушылар дербес немесе мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып жүзеге асыра алады.

6.3.5 Автомобиль жолдарын басқарушылар автомобиль жолының тиеу коэффициентінің сыни деңгейлері кезінде оның өткізу қабілетін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шешімдер қабылдайды.

### **6.4 Жол қозғалысының осал қатысушыларын есепке алу**

6.4.1 Автомобиль жолдарын басқарушылар жол қозғалысының осал қатысушыларының есебін жүргізеді және олардың сипаттамаларына байланысты ЖҚҚҚ бойынша тиісті іс-шараларды қабылдайды.

6.4.2 Жол қозғалысының осал қатысушыларын есепке алу автомобиль жолдарының барлық санаттарында жүргізіледі.

6.4.3 Есепке алуды жүргізу кезінде мынадай деректер тіркеледі:

а) жаяу жүргіншілердің, оның ішінде балалардың, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың және басқа да санаттардың саны;

б) велосипедшілер мен басқа да моторсыз қозғалыс қатысушыларының саны;

в) осал қатысушылардың шоғырлану орындары;

г) тәулік уақыты және аптаның күндері, осал топтардың максималды белсенділігімен.

6.4.4 Жол қозғалысының осал қатысушыларына қатысты есепке алу және бағалау жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО Директивасына [16] сәйкес жүргізіледі, бұл ретте жаяу жүргіншілерге қатысты ОАӨЭЫ нұсқаулығы [22] бойынша толық, ал велосипедшілер үшін жол қауіпсіздігін модельдеу және ресурс бойынша тәуекелдерді бағалау [26] жүзеге асырылады.

6.4.5 Жол қозғалысының осал қатысушыларын есепке алу осал қатысушылармен ЖКО шоғырланған жерлерде жылына кемінде бір рет және қалған телімдерде әрбір 3 жыл сайын кезеңділікпен жүргізіледі.

## **6.5 Жабайы және үй жануарларының жолға шығу орындарын есепке алу**

6.5.1 Жабайы жануарлардың қоныс аудару аумақтары немесе мал жаю аудандары бойынша өтетін автомобиль жолдарының телімдерінде жануарлардың жолға шығу қаупі бар ықтимал қауіпті телімдердің есебін жүргізу және оларды тиісті ЖҚҰТҚ жабдықтау қажет.

6.5.2 Есепке алуды жүргізу кезінде мынадай деректер тіркеледі:

- а) жануарлармен бірге ЖКО телімдерімен орындары.
- б) уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері бойынша жабайы жануарлардың жүру бөлігіне шығу ықтималдығы жоғары телімдердің орналасуы.
- в) үй жануарларының жолға шығу ықтималдығы жоғары телімдердің орналасуы.
- г) жануарлардың белсенділігі жоғары жыл кезеңдері мен тәулік уақыты.
- д) қолданыстағы қоршаулардың, ескерту белгілерінің және жануарлардың жолға шығуынан қорғайтын басқа да құралдардың болуы.

6.5.3 Жануарлардың жолға шығуы мүмкін орындарды есепке алу аса қауіпті телімдерде жылына кемінде бір рет және қалған телімдерде әрбір 3 жыл сайын жүргізіледі.

6.5.4 Жануарлардың жолға шығуы мүмкін орындарды есепке алуды жүзеге асырады:

- а) автомобиль жолдарын басқаратын ұйымдар.
- б) автомобиль жолдарын басқарушылармен шарт бойынша басқа ұйымдар.

## **6.6 Әлеуметтік зерттеулер**

6.6.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер ҚР Ұ 218-170 және тиісті әдістемелерге сәйкес жүргізіледі.

6.6.2 Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерін автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған бюджеттік шығындарды жоспарлау кезінде талдау және пайдалану үшін автомобиль жолдарын басқарушылар беруі тиіс.

## **6.7 Жол инфрақұрылымы туралы деректерді жинау**

Осы стандарттың мақсаттары үшін жол инфрақұрылымы туралы деректер көзі автомобиль жолдарының паспорттары және диагностика бойынша есептер болып табылады. Автомобиль жолдарын паспорттау және диагностикалау ҚР ЕР 218-28 және ҚР ЕР 218-27 сәйкес орындалады.

## **6.8 Жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі**

6.8.1 Жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі ЖҚКҚ рәсімі болып табылады, оған мыналар кіреді:

а) қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту үшін өзін-өзі ақтаған инженерлік тәсілдерді пайдалана отырып, жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін бағалауды жүргізу;

б) апаттық тәуекел деңгейін анықтау және автомобиль жолдарының қауіпсіздік рейтингтерін белгілеу;

в) жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және автомобиль жолдарында ЖКО шоғырлану орындарын жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

г) жол қозғалысы қауіпсіздігі (бұдан әрі - ЖҚК) көрсеткіштеріне қатысты ҚР ЕР 218-28 және ҚР ЕР 218-27 сәйкес 1 шқ шегінде зардап шеккендермен ЖКО орындарының жол жағдайларын аспаптық тексеру;

д) жол инфрақұрылымы және жалпы жол жағдайлары туралы деректерді жинау бөлігінде ЖКО толық талдауға қатысу;

е) ЖКО статистикасына, тәуекелдер картасына және жұлдызды рейтингке мониторинг жүргізу.

ж) ЖКО экономикалық шығындарын бағалау.

6.8.2 Жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингін белгіленген тәртіппен [8] автомобиль жолдарын басқарушылар дербес немесе тәуелсіз сараптамалық топтар мен ұйымдарды тарта отырып жүзеге асырады.

6.8.3 Жол инфрақұрылымының қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері жол пайдаланушылары үшін ашық болып табылады және уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

## **7 Тәуекелдерді анықтау және бағалау**

### **7.1 Қауіпті сәйкестендіру**

7.1.1 Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы қауіптерді сәйкестендіру автомобиль жолдарының қауіпсіздігін бағалау бағдарламасы және КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптары, жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО директивасы [16], ОАӨЭЫ нұсқаулығы [21], [22] қатысты жол бойындағы кедергілерді басқару, қозғалысқа осал қатысушылардың қауіпсіздігіне [26] сәйкес жүзеге асырылады.

7.1.2 Автомобиль жолының тәуекел деңгейін бағалау ҚР Ұ 218-186 сәйкес автомобиль жолдарының қауіпсіздігін бағалау бағдарламасы [15] бойынша жүргізіледі.

7.1.3 Автомобиль жолының тәуекел деңгейін бағалау ЖКО шоғырланған телімдерде және орындарда жылына кемінде бір рет және қалған телімдерде әрбір 3 жыл сайын жүргізіледі.

7.1.4 Автомобиль жолының тәуекел деңгейін бағалауға тапсырыс берушілер автомобиль жолдарын басқарушылар болып табылады.

7.1.5 Автомобиль жолының тәуекел деңгейін бағалауды орындаушылар тәуелсіз сараптамалық топтар болып табылады.

### **7.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсерді бағалау**

7.2.1 ЖҚК ӘБ жол желісінің қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша оңтайлы стратегиялық шешім қабылдау үшін қолданыстағы жаңа автомобиль жолын жоспарлау немесе қайта құру кезіндегі инженерлік-техникалық рәсім болып табылады.

7.2.2 ЖҚК ӘБ мынадай тәртіппен жүргізіледі:

а) ЖКО факторлары және көлік ағындарының сипаттамалары тұрғысынан жол желісіндегі ағымдағы жағдайды талдау.

б) жол желісінің ЖҚК деңгейін арттыру тұрғысынан нұсқаларды талдау.

в) нұсқалардың шығындары мен пайдасын салыстырмалы және саралау.

7.2.3 ЖҚК ӘБ мыналарды қамтиды:

а) мәселені анықтау;

б) қазіргі кездегі жағдай және араласу болмаған кезде оның өршуі;

в) жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерісінің мақсаттары;

г) ұсынылатын баламалы жобалардың ЖҚК деңгейіне әсерін талдау;

д) балама нұсқаларды салыстыру, оның ішінде шығындар мен пайданы талдау;

е) ықтимал нұсқаларды ұсыну.

7.2.4 ЖҚК ӘБ шеңберінде мыналарды ескеру қажет:

а) әрекетсіздік жағдайында жағдайдың дамуымен салыстырғанда ЖКО салдары және апаттылықты төмендету әлеуеті;

- б) маршрутты таңдау және көлік құралдарының қозғалыс ағындары;
- в) қолданыстағы желілерге ықтимал әсер ету (мысалы, шығу, қиылысу, бір деңгейдегі жол қиылысы);
- г) жол пайдаланушылары, оның ішінде осал пайдаланушылар;
- д) көлік ағындарының сипаттамалары;
- е) маусымдық және климаттық жағдайлар.

7.2.5 ЖҚК ӘБ жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО директивасы [16] және басқа да тиісті әдістемелер бойынша ТЭН жоспарлау және әзірлеу кезеңінде жүргізіледі.

### 7.3 ЖКО болған экономикалық шығындарды бағалау

7.3.1 ЖКО болған экономикалық шығындарды бағалау инвестициялардың басым бағыттарын айқындау үшін, сондай-ақ ЖКО алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігін бағалау үшін автомобиль жолдарының қауіпсіздігін басқару кезіндегі рәсім болып табылады.

7.3.2 ЖКО экономикалық шығындарын бағалау ҚР Ұ 218-121 [9] сәйкес жүргізіледі.

7.3.3 Жол-көлік шығындарын ( $F$ ) жедел бағалау келесі формула бойынша өліммен ( $VoF$ ) және ауыр жарақаттармен ( $SI$ ) зардап шеккендердің санын ескере отырып жүзеге асырылады:

$$F = N_{\text{пог}} \times VoF + N_{\text{ран}} \times SI \quad (1)$$

$$VoF = 70 \times GDP_{\text{capita}} \times 2,03 \quad (2)$$

$$SI = 17 \times GDP_{\text{capita}} \quad (3)$$

мұнда  $N_{\text{пог}}$  – өліммен аяқталған ( $VoF$ ) зардап шеккендердің саны.

$N_{\text{ран}}$  – ауыр жарақат ( $SI$ ) алған зардап шеккендердің саны.

$GDP_{\text{capita}}$  – жан басына шаққандағы ЖІӨ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері бойынша тиісті күнтізбелік жылға арналған, теңге.

70 және 17 – ЖКО болатын тиісті экономикалық шығындарды есептеу үшін келтіру коэффициенттері [15].

2,03 - Орталық Азиядағы жол-көлік жарақаттануының әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеу [17] және [24] негізінде шығарылған Қазақстан Республикасы үшін өмірдің орташа статистикалық құнын келтіру коэффициенті.

7.3.4 ЖКО болған экономикалық шығындарды бағалауды автомобиль жолдарын басқарушылар жылына кемінде бір рет ЖКО мен жол желісінің телімдері мен шоғырлану орындарында жүргізеді.

### 7.4 Тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру

7.4.1 Автомобиль жолдарындағы тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеу ЖҚК жақсартуға, ЖКО саны мен ауырлығын төмендетуге бағытталған қажетті инженерлік шешімдерді айқындау үшін осы ведомстволық ережелер жиынтығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.4.2 Ақпаратты жинау және тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша анықталған тәуекел факторларын жоюға және автомобиль жолдарындағы тәуекелдер деңгейін төмендетуге бағытталған инженерлік-техникалық шешімдердің жобалары әзірленеді.

7.4.3 ЖҚК инженерлік-техникалық шешімдерін таңдау кезінде ұлттық стандарттар мен нормативтермен шектелмей, өзін дәлелдеген инженерлік-техникалық шаралар қолданылады. ЕО, ISO стандарттарын немесе басқа елдердің нормативтік құжаттарын, сондай-ақ автомобиль жолдарының қауіпсіздігін бағалау бағдарламасының [25] құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

7.4.4 ЖҚК инженерлік-техникалық шешімдері талаптарға сай болуы тиіс:

- а) автомобиль жолдарындағы тәуекелдер деңгейін төмендету;
- б) Қазақстанның климаттық және географиялық жағдайларының ерекшеліктері;
- г) экологиялық қауіпсіздік және экономикалық тиімділік.

7.4.5 ЖҚК инженерлік-техникалық шараларын іске асыру жөніндегі шешімдерді автомобиль жолдарын басқарушылар осы ведомстволық нормативтің, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігі, автомобиль жолдарын салу және пайдалану саласындағы ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес қабылдайды.

## **7.5 Тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау**

7.5.1 Тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылаудың мақсаты тәуекелдерді азайту жөніндегі инженерлік-техникалық шараларды іске асыру нәтижелерін бағалау және қабылданған шешімдерді түзету қажеттілігін анықтау болып табылады.

7.5.2 ЖҚК инженерлік-техникалық шараларының тиімділігін бақылауды автомобиль жолдарын басқарушылар, пайдаланушы ұйымдар және басқа да уәкілетті органдар осы ведомстволық ережелер жиынтығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жол қозғалысының қауіпсіздігі, автомобиль жолдарын салу және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.5.3 Тәуекелдерді азайту жөніндегі инженерлік-техникалық шаралардың тиімділігін бақылау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- а) тәуекелдерді азайту жөніндегі инженерлік-техникалық шараларды іске асырғаннан кейін ЖКО туралы статистикалық деректерді жинау және талдау;
- б) жол қозғалысы қауіпсіздігінің нақты деңгейін айқындау үшін ЖҚК инженерлік-техникалық шаралары іске асырылған автомобиль жолдары телімдерінде жол жағдайларын аспаптық зерттеу;
- в) жол-көлік оқиғасынан болған экономикалық шығындарды бағалауды қоса алғанда, жол қозғалысы қауіпсіздігінің нақты деңгейін жобалау көрсеткіштерімен салыстыру;
- г) қабылданған инженерлік-техникалық шешімдерді түзету қажеттілігін анықтау;
- д) ЖҚК одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныммен ЖҚК инженерлік-техникалық шараларының тиімділігін бақылау нәтижелері туралы қорытынды дайындау.

7.5.4 Тәуекелдерді төмендету жөніндегі инженерлік-техникалық шаралардың тиімділігін бақылау жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

## **7.6 ЖҚК қаржылық қамтамасыз еу**

7.6.1 ЖҚК қаржылық қамтамасыз ету әртүрлі деңгейдегі бюджеттерден мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- а) стратегиялық басқару, талдау, бағдарламаларды дайындау үдерістерінің инженерлік-техникалық рәсімдері;
- б) өмірлік циклдің барлық кезеңдеріндегі инженерлік-техникалық рәсімдер;
- в) автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі ЖҚК инженерлік-техникалық шаралар;
- г) автомобиль жолдарын салу және қайта құру кезіндегі ЖҚК инженерлік-техникалық шаралар.

7.6.2 Осы ведомстволық ережелер жинағы ЖҚҚ инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемін негіздеу және оларды орындау үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаржы қаражатын есептеу үшін қолданылады.

7.6.3 ЖҚҚ инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемін және қаржы қаражатын есептеуді негіздеу мыналарды ескере отырып жүргізіледі:

- а) ЖКО экономикалық шығындарын бағалау;
- б) ЖҚҚ инженерлік-техникалық іс-шаралар нұсқаларының пайдасы мен шығындарын салыстыру және олардың ЖҚҚ деңгейіне әсерін болжау.

## 8 Автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігі рәсімдері

### 8.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті

8.1.1 Автомобиль жолдарын басқарушылар ЖҚҚА автомобиль жолдарының өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде өткізуді ұйымдастырады.

8.1.2 ЖҚҚА түпкі мақсаты жаңа жол нысанында немесе қолданыстағы жолда болуы мүмкін ЖКО тәуекелі мен ауырлығын азайту болып табылады:

а) жобалық шешімдерді іске асыру кезінде автомобиль жолында туындауы мүмкін ықтимал қауіптер мен қателіктердің тізбесі;

б) жобалық құжаттаманы түзету бойынша ұсыныстар.

8.1.3 ЖҚҚА жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО директивасының [16] және жол қозғалысы қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі ОАӨЭЫ нұсқауларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады:

№ 1 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті [19].

№ 2 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Неғұрлым қауіпсіз жол жұмыстары [20].

№ 3 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол бойындағы кедергілерді басқару [21].

№4 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі [22].

№5 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол қауіпсіздігі аудитіне арналған жұлдызды рейтингтер [23].

8.1.4 Автомобиль жолының өмірлік циклінің сатысына байланысты ЖҚҚА түрлері:

а) жобалау кезінде: техника-экономикалық негіздеме сатысындағы жобалау немесе жұмыс құжаттамасы, орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттама;

б) салу, қайта салу, күрделі және орташа жөндеу кезінде;

в) автомобиль жолын пайдалануға беру немесе орташа жөндеу үшін орындалған жұмыстарды қабылдау алдында;

г) пайдалану кезінде: жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы.

### 1-кесте - Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудитінің саясаты

ЖҚҚА/ЖҚҚИ	Халықаралық маңызы бар	Республикалық маңызы бар	Қалалардың магистральдық көшелері	Жергілікті көшелер
ТЭН	✓	✓	Міндетті емес	Қабылданбайды
Жұмыс жобасы	✓	✓	✓	✓
Құрылыс		✓	✓	✓
Пайдалану алдындағы жағдайы	✓	✓		✓
ЖҚҚИ (қолданыстағы жолдар)	Нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес			
Аудит саны	Минимум 2	Минимум 2	Минимум 2	Минимум 2

8.1.5 ЖҚҚА жобалаушыдан тәуелсіз тұлғалар жүргізеді. Аудиттің сараптамалық тобы Қазақстан Республикасы заңнамасының және басқа да тиісті құжаттардың талаптарына сәйкес тиісті біліктілігі бар кемінде 2 сарапшыдан тұруы тиіс.

8.1.6 Аудитор Мінез-құлық кодексіне қол қояды (В қосымшасын қараңыз), ол міндетті шарт болып табылады және Кодекс ережелерін бұзған жағдайда ықпал ету шаралары үшін аудит тапсырыс берушісі пайдалана алады.

8.1.7 Тиісті инфрақұрылым жобасын әзірлеуге немесе іске асыруға қатысушыны тексеру кезінде аудитордың қатысуына жол берілмейді. Аудитор сәйкессіздікті қалай жоюға кеңес бере алады, бірақ анықталған кемшіліктерді жоюға жауапты емес.

8.1.8 ЖҚҚА тапсырыс берушісі болуы мүмкін:

а) халықаралық және республикалық маңызы бар жолдар үшін - жол органы, жол қызметі және жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті орган, сондай-ақ автомобиль жолдары жөніндегі ұлттық оператор;

б) облыстық және аудандық маңызы бар жолдар үшін - жергілікті атқарушы орган;

в) өзге де заңды және жеке тұлғалар.

8.1.9 ЖҚҚА жүргізу нәтижелері бойынша үш данада есеп жасалады. Тапсырыс беруші ЖҚҚА есебі оны пайдаланушы ұйымға және/немесе жобалаушыға әрекет ету үшін береді.

8.1.10 Жобалау, салу және пайдалану кезеңдерінде бақылау тізіміне енгізілетін сұрақтардың ұсынылатын тізбесі Г қосымшасында келтірілген.

8.1.11 ЖҚҚА жүргізу кезінде автомобиль жолдарын басқарушылар:

- сарапшы аудиторларға аудитті уақтылы және толық жүргізу үшін жағдайлар жасауға, оларға аудитті жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы беруге, жазбаша сұрау салу бойынша ауызша және жазбаша нысандарда толық түсіндірулер беруге мен растауға, сондай-ақ аудит жүргізу үшін қажетті мәліметтерді үшінші тұлғалардан сұратуға;

- ЖҚҚА жүргізу кезінде нақтылауға жататын мәселелер шеңберін шектеу мақсатында қандай да бір іс-қимыл жасамау;

- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету нормаларын сақтаудың сарапшылар анықтаған бұзушылықтарын жою үшін іс-қимыл жасау.

8.1.12 Жобалау ұйымдары азаматтардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің экономикалық және шаруашылық қызметтен басымдығын басшылыққа ала отырып, ЖҚҚА нәтижелері бойынша ұсыныстар қабылдау бойынша қаржылық мүмкіндіктерді бағалауды орындайды.

8.1.13 ЖҚҚ әсерді бағалау

8.1.13.1 ЖҚҚ автомобиль жолдарын дамыту бағдарламалары мен жоспарларына, сондай-ақ ТЭН жобалары мен инвестициялық ұсыныстарға қатысты жүргізіледі.

8.1.13.1 ЖҚҚА осы ведомстволық ережелер жиынтығының 6.2-кіші бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

8.1.14 ЖҚҚА автомобиль жолдарын салу, қайта құру, күрделі және орташа жөндеу кезінде

8.1.14.1 Автомобиль жолдарын басқарушылар ЖҚҚА автомобиль жолдарын салу, қайта құру, күрделі және орташа жөндеу кезінде жүргізеді.

8.1.14.2 Автомобиль жолы пайдалануға берілгенге дейін Тапсырыс беруші қолданыстағы заңнамаға, ЕО жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін басқару жөніндегі Директивасына [16], ҚР СТ 2607 және ОАӨЭЫ жол қозғалысы қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығына сәйкес ЖҚҚА жүргізуді ұйымдастыра алады:

№ 1 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол қозғалысы қауіпсіздігі аудиті [19].

№ 2 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Неғұрлым қауіпсіз жол жұмыстары [20].

№ 3 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол бойындағы кедергілерді басқару [21].

№4 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі [22].

№5 ОАӨЭЫ нұсқаулығы. Жол қауіпсіздігі аудитіне арналған жұлдызды рейтингтер [23].

8.1.15 Жол инфрақұрылымының жекелеген нысандарының ЖҚҚА.

8.1.15.1 Жол инфрақұрылымының жекелеген нысандарының ЖҚҚА мыналарға жатуы мүмкін:

- қоғамдық көлік бағыттары;
- қозғалысқа қызмет көрсету ғимараттары мен құрылыстары;
- сыртқы жарықтандырылған жол телімдері;
- жасанды құрылыстар;
- теміржол өткелдері және басқалар.

8.1.15.2 ЖҚҚА кезінде қоғамдық көлік маршруттарын жүзеге асырады:

- маршрутта және аялдама аймағында жүру бөлігінің жамылғының жай-күйін бағалау;
- таңбалар мен жол белгілерінің бар-жоғын және жай-күйін тексеру;
- аялдамаларды белгілеу және жайластыру кезінде нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын тексеру;
- бос жағдайларда және қарбалас уақытта хабарлама жылдамдығын өлшеу;
- көлік ағыны қозғалысының қарқындылығы мен құрамын, сондай-ақ қарбалас уақытта автобустарды есепке алу;
- әртүрлі телімдердегі жолақтардың қозғалысын өлшеу;
- қоғамдық көлік қозғалысы үшін арнайы жолақтың жай-күйін бағалау және оны пайдалану тәртібі;

- қоғамдық көлік маршруттары немесе оның телімдері үшін ол болмаған жағдайда арнайы жолақ бөлу мүмкіндігін тексеру.

8.1.15.3 ЖҚҚА жарықтандыру кезінде сыртқы жарықтандырудың болуын тексереді және жарықтандыру деңгейін бағалайды:

- елді мекендердегі автомобиль жолдарында;
- I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының өзара және темір жолдармен қиылыстарында, түйісу тораптарының барлық жалғаушы тармақтарында және оларға кіреберіс жолдарында, сондай-ақ айналма қиылыстарда;
- жаяу жүргіншілердің қарқынды қозғалысы орындарында (сауда орталықтары, дүкендер, мектептер, кәсіпорындар және халықтың жаппай тартылатын басқа да орындары аймағында);

- жұмыс жүргізу орындарында;
- жасанды құрылыстар мен теміржол өткелдерінде.

8.1.15.4 Жасанды құрылыстардың (көпірлер, өтпелер, эстакадалар, тоннельдер, жерасты жаяу жүргіншілер өткелдері) ЖҚҚА кезінде тексеріледі:

- оларды пайдалану жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау;
- қоршау құрылғыларының жағдайы;
- автомобиль жолының жүру бөліктері мен жасанды құрылыстың түйісуі;
- құрылымдық элементтердің жағдайы (жаяужолдар, қоршаулар және т.б.);
- көпір астыгабариті;
- су бұру жағдайы, жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін жарықтандыру, бағдарлаушы құрылғылардың болуы;
- автобус аялдамаларының жай-күйі, құламаларда қатты жамылғының болуы.

8.1.15.5 Темір жол өткелдерінің ЖҚҚА кезінде тексеріледі:

- оның санатының қозғалыс шарттарына сәйкестігі;
- өту тәсілдеріндегі жол планы мен бейінінің элементтері;
- өудің көрінуін қамтамасыз ету;

- жол белгілерімен, автоматика құрылғыларымен, бағдаршамдармен, шлагбаумдармен, жасанды жарықтандырумен, қоршаулармен, габариттік қақпалармен, қорғаныс құрылғыларымен өткелді жабдықтау;

- жаяу жүргіншілер жолдарының болуы;

- жолдың жүру бөлігін өткелге кіреберісте таңбаның және тік элементтерде таңбаның болуы;

- кіреберістер мен төсемелердің жүру бөлігінің жағдайы.

8.1.15.6 ЖҚҚА талап етуі мүмкін арнайы сұрақтар мыналар болуы мүмкін:

- жол жұмыстарын жүргізуге байланысты қозғалыс жағдайларының уақытша өзгеруі;

- жаяу жүргіншілер қозғалысы үшін қауіпсіздік шарттары;

- велосипед қозғалысы үшін қауіпсіздік шарттары;

- балалар оқу орындары аймағындағы балалардың қозғалыс қауіпсіздігі шарттары;

- жүру бөлігінде жұмыс жүргізу орындарының жабдықталуы;

- тұрақтар мен демалыс алаңдарының болуы және жай-күйі;

- мұз өткелдері және т.б.

## 8.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясы

8.2.1 Қолданыстағы автомобиль жолдары үшін ЖҚҚИ ЖҚҚҚ инженерлік-техникалық рәсімі болып табылады.

8.2.2 ЖҚҚИ пайдаланушы ұйымға тәуелсіз тұлғалар жүргізеді. Аудиттің сараптамалық тобы осы ведомстволық ережелер жиынтығының 7.1.5-тармағына сәйкес біліктілігі бойынша кемінде 2 сарапшыдан тұруы тиіс.

8.2.3 ЖҚҚИ қолданыстағы заңнамаға, жол инфрақұрылымы қауіпсіздігін басқару жөніндегі ЕО Директивасына [16], ҚР СТ 2607 және жол қозғалысы қауіпсіздігін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі ОАӨЭЫ нұсқаулығына және басқа да тиісті құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

8.2.4 қолданыстағы жолдардың ЖҚҚИ қойылатын талаптар

8.2.4.1 қолданыстағы жолдардың ЖҚҚИ жол-көлік оқиғаларының туындауына ықпал ететін қанағаттанарлықсыз жол жағдайларын анықтауға және уақтылы жоюға бағытталған.

8.2.4.2 ЖҚҚИ жылына кемінде екі және одан да көп рет тәулігіне 3000 мың автомобиль қарқындылығы жоғары автомобиль жолдарында, басқалары бойынша кемінде үш жылда бір рет өткізіледі.

8.2.4.3 ЖҚҚИ кезінде тексеру жүргізіледі:

- көлік ағынының және осал телімдердің сипаттамалары;

- автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамалары;

- жол қозғалысын ұйымдастыру;

- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары;

- орналастыру элементтерін қолданудың дұрыстығы;

- ЖКО шоғырланған орындар.

8.2.4.5 ЖҚҚИ кезінде автомобиль жолында оны пайдалану кезінде қауіптің туындау мүмкіндігін айқындайтын факторларға назар аудару ұсынылады, олардың ішінде:

1) Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын сақтауы:

- тасымалдау үдерісінде пайдаланылатын көлік құралдарының габариттік өлшемдеріне, жалпы салмағы мен осьтік жүктемелерінің параметрлеріне, ал жекелеген жағдайларда өзге де сипаттамаларына және олардың техникалық жай-күйіне;

- көлік құралының түрін, автомобиль жолының техникалық санатын және тасымалдау үдерісі жүзеге асырылатын ауа-райы-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, автомобильдер қозғалысының жылдамдық режиміне автомобиль жолын пайдаланудың штаттық жағдайларында да, пайдалану қызметі оны күтіп-ұстау және жөндеу бойынша

қандай да бір технологиялық операцияларды жүргізген кезде;

2) планның геометриялық элементтерінің және жолдың бойлық бейінінің, жол төсемелері мен жасанды құрылыстардың параметрлерінің, сондай-ақ пайдаланылатын автомобиль жолының жол жағдайы мен инженерлік жайластырылуының жобасына сәйкестігі;

3) жол қызметтерінің техникалық қызметкерлерінің белгіленген талаптарды сақтауы:

- автомобиль жолдарын күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері мен кезеңділігіне;

- жол жұмыстарын ұйымдастыру және орындау технологиясына;

- жол жұмыстарын жүргізу орындарында жол қозғалысын ұйымдастыруға;

- пайдаланылатын жолдың жол бойындағы белдеуінде орналасқан автомобиль жолын абаттандыру және қозғалысқа қызмет көрсету құрылыстарын пайдалану жағдайларына;

- автомобиль жолын күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстардың орындалу сапасына бақылауды және оның пайдалану жай-күйіне мониторингті ұйымдастыруға және жүргізуге.

8.2.4.6 Шектеулі ресурстар кезінде ЖКО шоғырлану орындарын басым тәртіппен жүргізу қажет.

8.2.5 ЖКО шоғырлану орындары мен телімдеріне инспекция жүргізу жөніндегі талаптар.

8.2.5.1 ЖКО шоғырлану орындары мен телімдерін апаттылықтың стандартты көрсеткіштері бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар негізінде анықтау ұсынылады:

- есепті кезеңде қаралып отырған жол телімінде орын алған ЖКО абсолютті саны;

- есептік кезеңдегі салыстырмалы апаттылық коэффициенті (1 млн авт/шқ келетін ЖКО саны және басқалары).

8.2.5.2 ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде қажет болған жағдайда материалдық залалмен ЖКО туралы ақпаратты тарта отырып, оқиғаларға топографиялық талдау жасалады.

8.2.5.3 ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде ЖКО сандық бағасы және олардың зардаптарының ауырлығы, базалық кезеңде (жылы) оларға әкелген себептер мен ілеспе жол жағдайлары орындалады.

8.2.5.4 ЖКО шоғырлану орындары мен телімдерін инспекциялау кезінде олардың пайда болуына ықпал ететін жол факторларына назар аударылады:

- жол қозғалысы қауіпсіздігін төмендететін жол қозғалысы мен жол жиектері жамылғысының, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының және жолдардың инженерлік жабдықтарының пайдалану жай-күйі ақауларының болуы;

- көлік құралдарының біркелкі қозғалыс режимін қамтамасыз етпейтін трассаның геометриялық элементтерінің күрделі тіркесімдері;

- пландағы және бойлық пішіндегі қисықтардағы жүру бөлігінің және қарсы келе жатқан автомобильдердің көріну қашықтығы нормаларымен салыстырғанда жеткіліксіздігі;

- трассаның көрнекі тегістігін және жолдың одан әрі бағытының айқындығының бұзылуы;

- жолдарды күтіп-ұстаудың қанағаттанарлықсыз деңгейіне;

- қозғалысты ұйымдастырудың жоспарлануы мен сұлбалары белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жолдардың қиылыстары мен түйісулеріндегі көлік ағындарының бөлінуі, бірігуі және қиылысуы;

- қозғалыс жылдамдығының едәуір артуына ықпал ететін жол трассасының геометриялық элементтерінің параметрлерінің жамылғының жай-күйіне және жол бойындағы жағдайға сәйкес келмеуі;

- жаяу жүргіншілердің жүру бөлігінде күтпеген жерден пайда болуына ықпал ететін қажетті орындарда жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерінің болмауы;

- пайдаланылатын теміржол өткелдерінде инженерлік жабдықтың болмауы немесе ақаулары, сондай-ақ жақындап келе жатқан поездардың көріну қашықтығына қойылатын нормативтік талаптардың сақталмауы.

8.2.5.5 ЖКО шоғырлануының әрбір зерттелген орны мен телімі үшін жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру бойынша жоспарланған іс-шаралардың тиімділігінің болжамы орындалады.

8.2.5.6 ЖКО шоғырлану телімдері мен орындарын инспекциялау нәтижелері бойынша жолдың осы телімдерінде іске асырылуы қажет қажетті көлемі мен құны бар іс-шаралар тізбесі жасалады. ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсынылатын іс-шараларды ЖКО залалын жою тиімділігі бойынша саралау ұсынылады.

8.2.5.7 Жергілікті іс-шараларды әзірлеу және енгізу кезінде ресурстарды ұтымды пайдалану үшін автомобиль жолының телімдерін (ЖКО шоғырлану орындары мен телімдерін) ЖКО залалы, қауіптілікті бағалау дәрежесі, жол қозғалысын ұйымдастыру сапасы және жол жағдайлары бойынша саралау ұсынылады.

8.2.6 Автомобиль жолы параметрлерінің сәйкестігін бағалау жөніндегі талаптар

8.2.6.1 ЖҚҚИ кезінде автомобиль жолының мынадай параметрлері бағаланады:

- ГОСТ 33180 және ГОСТ 33181 бойынша жүру бөлігінің және жол жиектері жамылғысының жай-күйін бағалау;

- ҚР СТ 1219, ҚР Ұ 218-174 [14] бойынша бойлық тегістікті анықтау;

- ҚР Ұ 218-136 [10] бойынша ілінісу коэффициентін анықтау;

- жамылғы ақауларының болуы (ғыысулар мен толқындар, сорап, плиталардың ығысуы, шұңқырлар, ластану, бөгде заттардың болуы);

- жол жиегіндегі ақаулардың болуы (жол жиектерінің төмендеуі, шұңқырлар, шайылулар, ығысулар мен толқындар, тақталардың ығысуы);

- автомобиль жолының және қарсы келе жатқан автомобильдің көрінуін қамтамасыз ету.

8.2.6.2 ЖҚҰТҚ жер бедері мен қозғалыс режимдеріне сәйкестігін бағалау:

- жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша нақты жағдайды ЖҚББ және қолданыстағы стандарттарға сәйкестігін тексеру;

- ЖҚҰТҚ орналастыру шамадан тыс болмауы керек;

- ЖҚҰТҚ бір-біріне қайшы келмеуі керек.

8.2.6.3 ЖҚҰТҚ пайдалану жағдайы:

- жол белгілерінің көрінуі;

- ҚР СТ 1125 бойынша жол белгілерінің жарық қайтару коэффициенті;

- түс координаттарының сәйкестігі;

- жол белгісін қабылдауға кедергі келтіретін зақымдардың, ластанудың және өзге де ақаулардың болмауы;

- жол белгілерінің тозуы;

- жол таңбасының жарық қайтару коэффициенті;

- ҚР СТ 1412 сәйкес бағыттаушы құрылғылардың болуы;

- жол қоршауларының болуы;

- бағдаршамдық реттеуді енгізу қажеттілігі (қиылыстағы, іргелес немесе жердегі жаяу жүргіншілер өткеліндегі телімдер);

- ҚР ҚН 2.04-01 бойынша жарықтандырудың қажеттілігі, жарықтандыру параметрлері (жарық болған жағдайда);

- ҚР СТ 2476 бойынша шудан қорғау экрандарын орналастыру.

2-кестеде ЖҚҚИ тән жол жағдайларының үйлесімі келтірілген.

**2-кесте – ЖҚҚИ тән жол жағдайларының үйлесімділігі**

Жағдайдың сипаттамасы	Тән үйлесімділік	Баға
1. Жол қозғалысына қорғалмаған қатысушыларды тарту орындарының болуы	- дүкендердің, демалыс орындарының, қоғамдық тамақтану пункттерінің қауіптілігі жоғары нысанның жанында орналасуы	иә/жоқ
2. Жол қозғалысына осал қатысушыларды тарту орындарының қолжетімділігі	- қауіпсіз өткелдердің, жаяу жүргіншілер қоршауларының, жаяу жүргіншілер немесе веложолдардың болуы	иә/жоқ
3. Қиылыстар мен түйісулердің болуы	- ықтимал қауіпті телімге жақындау туралы жүргізушіні хабардар етудің жеткіліктілігі;  - көріну үшбұрышын қамтамасыз ету;  - кіреберістердегі айналу бұрыштары мен дөңгелектеу радиустарының сәйкестігі;  - жамылғының және жолдың көлденең көлбеуінің шамасы (біріктірілген КО сырғуын немесе аударылу ықтималын болдырмауы керек);  - жаяу жүргіншілермен, велосипедпен және көлік-арбамен екінші реттік жолды кесіп өту қауіпсіздігі	жеткілікті / жеткіліксіз  қамтамасыз етілген/қамтамасыз етілмеген  сәйкес келеді / сәйкес келмейді  сәйкес келеді / сәйкес келмейді  қамтамасыз етілген/қамтамасыз етілмеген
4. Қарастырылып отырған телімнің планы мен пішіні	- план мен пішінде қауіпті қисықтардың болуы;  - тік түсулер мен көтерілістердің болуы;  - қозғалыс қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін көлденең еңістердің болуы;	иә/жоқ  иә/жоқ  иә/жоқ

8.2.6.4 Топ басшысының шешімі бойынша өзге де мәселелер қаралуы мүмкін.

**8.3 Пайдалану және күтіп-ұстау кезеңінде ЖҚҚ қамтамасыз ету рәсімдері**

8.3.1 Пайдалану және күтіп-ұстау кезеңінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету рәсімдерін жол қызметтері ұйымдастырады және жүргізеді.

8.3.2 Патрульді күнделікті патрульдеудің міндеті оның қозғалыс бағыты бойынша қауіпті жағдайлар мен қозғалыс жағдайларын анықтау және қозғалыс үшін қауіпті жағдайларды жою жөнінде шешімдер қабылдау, ал жою мүмкін болмаған кезде қозғалысты шектеу жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

8.3.2 Патрульдік тексерулер автомобиль жолдарының барлық бойында жүргізілуі тиіс:

талаптардың 1-деңгейіне қатысты - күн сайын;

талаптардың 2-деңгейіне қатысты - аптасына кемінде екі рет;

талаптардың 3,4-деңгейлеріне қатысты - аптасына кемінде бір рет.

Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі талаптардың деңгейі мыналар

ҚР СТ 1912 бойынша белгіленеді.

8.3.3 Ауа райы жағдайларына (қыс, жаз) байланысты күнделікті патрульдеу кезіндегі жұмыстардың құрамына:

а) көпір құрылыстарының жай-күйін бақылау, мынадай ақаулар анықталған кезде көпір құрылысындағы қозғалысты шектеу:

- аралық құрылыстар элементтерінің құлауы;

- су бұру құрылыстарын бұзылуы.

б) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1267 бұйрығымен бекітілген Автомобиль жолдарын, қорғаныс маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларының бұзылу фактілерін анықтау: өткізу қабілетінің төмендеуі, көлік қозғалысының кептелуін қалыптастыруға әкеп соғатын тұрақ және тоқтату қағидаларының бірнеше рет (қозғалыстың бір бағытында 5-тен астам жағдай) бұзылуы.

в) «Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 267 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес дүлей және қауіпті метеорологиялық және гидрологиялық құбылыстарды және олардың қауіптілік дәрежесі бойынша әсер ету салдарын анықтау, салдарын белгілеу.

г) автомобиль жолдары элементтерінің зақымдануын жою.

8.3.4 Көлік құралдарының және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіз қозғалысына кедергі келтіретін туындаған кедергілерді жоюды қызмет көрсету ұйымының қатысуымен, ал көрсетілген жұмыстарды дереу орындау мүмкін болмаған кезде – тиісті уақытша белгілерді орната отырып, осы орындарды қоршауды орындау қажет.

8.3.5 Трафикті шектеу үшін пайдаланылған уақытша жол белгілері мен басқа да ЖҚҰТҚ орнатуға себеп болған себептер жойылғаннан кейін бір тәулік ішінде бөлшектелуі тиіс.

8.3.6 Көктемгі және күзгі тексеру ҚР ЕР 218-19 сәйкес жүргізіледі. Маусымдық тексерулер жыл сайын автомобиль жолдарының пайдалану жағдайы мен күтіп-ұстау сапасын есепке алудың бірыңғай жүйесі бойынша жүргізілуі қажет.

## 8.4 ЖКО талдау рәсімі

8.4.1 Жол қозғалысын ұйымдастыру мақсаттары үшін қажетті ЖКО есепке алу материалдарын зерделеудің үш тән бағыты және оларға сәйкес келетін талдаудың үш әдісі бар:

1) **сандық** - белгілі бір әкімшілік аумақтағы немесе көлік ұйымындағы апаттылықтың жай-күйін бағалау және жүргізілетін профилактикалық іс-шараларға байланысты оның өзгеру үрдістерін анықтау;

2) **сапалық** - ЖКО туындауының себептері мен факторларын анықтау және оларды жою үшін іс-шаралар әзірлеу;

**3) топографиялық** - ЖКО (апаттылық ошақтары) ең көп шоғырланған елді мекендер мен қалаларда және қаладан тыс жолдарда орындар мен жол утелімдерін бөлу.

8.4.2 Апаттылықтың сандық талдауы қандай да бір көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін анықтау, өңірлерді, жекелеген автомобиль жолдарын өзара салыстыру мақсатын көздейді. Сандық талдау үшін абсолютті көрсеткіштерден басқа (ЖКО, қаза тапқандар мен жараланғандар саны) салыстырмалы көрсеткіштер де қолданылады: ЖКО немесе қаза тапқандар саны 100 мың тұрғынға, 10 мың көлік құралына, 10 мың жүргізушіге, 1 шқ жолдың ұзындығына, 1 млн авт-шқ көлік құралдарының жүрісіне келтірілген.

8.4.3 Сапалық талдау ЖКО себептері мен факторларын анықтауға және олардың әрқайсысының апаттылыққа әсер ету дәрежесін анықтауға бағытталған: «апаттылық ошақтары», «ЖКО шоғырлану орындары», «қауіпті орындар», «қара нүктелер».

8.4.4 Апаттық ошақтарды анықтау үшін топографиялық талдау қажет. Ол ЖКО орындарын зерттелетін аумақтың картасына немесе сұлбасына байланыстырудан тұрады: ЖКО картасы, сызықтық кесте және ЖКО масштабты сұлбасы (ахуалдық жоспар).

8.4.4.1 ЖКО картасы жергілікті жердің (қаланың, облыстың, ауданның) картасын білдіреді, оның тиісті нүктелерінде тіркеу шамасына қарай әрбір ЖКО түрлері мен ауырлығы бойынша шартты түрде белгіленеді.

8.4.4.2 ЖКО сызықтық кестесі автомобиль жолы телімінің ЖКО картасын одан әрі дамыту болып табылады. Екі жақты жолдың сызықтық кестесін жасау кезінде жолдың екі жағындағы белгілерден алшақтау мүмкін, бұл қарсы бағыттардың көлік ағындарын сипаттайды.

8.4.4.2 ЖКО ауқымды сұлбасын (ахуалдық жоспарын) ЖКО есепке алу актілері негізінде ірі магистральдардың, қалалық алаңдардың және т.б. қиылыстары сияқты ЖКО шоғырлануының нақты орындары үшін орындайды.

8.4.5 Бастапқы ақпаратты жинау

8.4.5.1 Құқық қорғау органдары жүргізетін ЖКО тексеруден басқа, мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, автомобиль жолдарын басқарушылар мен пайдаланушы ұйымдар ЖКО туралы бастапқы инженерлік-техникалық ақпаратты жинауды ұйымдастырады. Б қосымшасына сәйкес ЖКО есепке алу актісінің нысаны бойынша зардап шеккендермен ЖКО басым тәртіппен инженерлік-техникалық талдауға жатады.

8.4.5.2 ЖКО толық талдау жүргізу мақсатында осы оқиға туралы барынша көп ақпарат жиналуы тиіс.

Бастапқы ақпаратты жинау ЖКО болған жерге инженерлік-техникалық тексеру және диагностика жүргізу, ЖКО қатысушылары мен куәгерлерден мүмкіндігінше сұрау, жол-патрульдік қызметтің, көлік прокуратурасының, тергеу органдарының және ЖКО қатысы бар басқа да ұйымдардың материалдарын зерделеу жолымен жүзеге асырылады.

Ол үшін:

1) суретке түсіру (тергеу аяқталғанға дейін полиция қызметкерлері көлік құралының жағдайын өзгертпейді);

2) апат куәгерлерінің айғақтары;

3) сараптама қорытындылары;

4) камераға немесе кез келген гаджетке бейне түсіру;

5) ЖКО сұлба;

6) жүргізушінің ауызша түсіндірмелері, жазбаша түсіндірмелері.

7) полиция өкілдері жасаған хаттама, акт немесе басқа құжаттар.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмесін алу үшін олардың құзыреті шегінде құқық қорғау органдарына тиісті сұрау жолдау қажет.

8.4.5.3 Осы бөлімге сәйкес жиналған бастапқы ақпаратты пайдаланушы ұйымдар кемінде 10 жыл сақтауға тиіс.

8.4.5.4 Далалық және камералдық жұмыстарды жүргізуді автомобиль жолдарын

басқарушылар тәуелсіз сараптамалық топтар мен ұйымдарды тарта отырып, талдау жүргізу және түзету іс-әрекеттерін әзірлеу үшін қажетті ЖКО туралы қосымша ақпарат жинау мақсатында ұйымдастырады.

Далалық және камералдық жұмыстарды жүргізу шеңберінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

а) далалық жұмыстарға мыналар кіреді:

- ЖКО орнындағы жол мен жол инфрақұрылымының геометриялық параметрлерін өлшеу;
- ЖКО орнындағы көріну параметрлерін өлшеу;
- ЖКО орнында жол жамылғысы бар көлік құралдарының доңғалақтарының ілінісу коэффициентін анықтау;
- ЖКО қатысқан көлік құралдарының жылдамдығы мен траекториясын анықтау;
- ЖКО қатысқан көлік құралдарының зақымдану дәрежесін анықтау;
- ЖКО қатысушылары мен куәгерлерден сауалнама (мүмкін болса);
- ЖКО орнын, ЖКО қатысқан көлік құралдарын және ЖКО қатысы бар басқа да нысандарды, оның ішінде ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдана отырып фото және бейне тіркеу.

б) камералдық жұмыстарға мыналар кіреді:

- дала жұмыстары барысында жиналған материалдарды талдау;
- жол-патрульдік қызмет, көлік прокуратурасы, тергеу органдары және ЖКО қатысы бар басқа да ұйымдар ұсынған материалдарды талдау;
- жолдың осы утеліміндегі ЖКО туралы статистикалық деректерді талдау;
- мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, ЖКО жағдайын модельдеу (бар болса);
- болашақта ЖКО алдын алуға бағытталған түзету іс-қимылдарын әзірлеу.

8.4.5.5 Далалық және камералдық жұмыстар ЖКО туралы бастапқы ақпарат жиналған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. Жұмыстарды жүргізу барысында алынған далалық және камералдық жұмыстардың материалдарын автомобиль жолдарын басқаратын ұйымдар кемінде 10 жыл сақтауға тиіс.

8.4.5.6 Түзету іс-әрекеттерін талдау мен әзірлеуді пайдаланушы ұйымдар бастапқы ақпаратты жинау және далалық және камералдық жұмыстарды жүргізу барысында алынған материалдар негізінде жүзеге асырады. Түзету әрекеттерін талдау және әзірлеу мақсаттары:

- ЖКО себептерін анықтау;
- ЖКО туындауына ықпал еткен факторлардың әсер ету дәрежесін анықтау;
- ЖКО туындауына ықпал етуі мүмкін автомобиль жолдары мен жол инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану және жөндеудегі кемшіліктерді анықтау;
- болашақта ЖКО алдын алуға бағытталған түзету іс-қимылдарын әзірлеу.

8.4.6 ЖКО толық талдау.

8.4.6.1 Адамдардың қаза болуына және/немесе жаралануына әкеп соққан ЖКО барлық жағдайларында ЖКО ТТ рәсімі жүргізіледі.

8.4.6.2 ЖКО ТТ автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерін жіктеу негізінде [7] және нормативтік-техникалық құжаттарда, тәуелсіз сараптама ұйымдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8.4.6.3 ЖКО ТТ жүргізу мақсатында сараптама жасау ұйымы зерттеу үдерісінде ЖКО орнына барып, осы ЖКО туралы ең көп бастапқы ақпаратты жинауы тиіс.

8.4.6.4 ЖКО ТТ нәтижесі келесілер туралы қорытындыдан тұрады:

а) ЖКО жүргізушісінің кінәсінің болуы (негіздемемен);

б) жол-көлік оқиғасының ілесіміне себептері болуы ықтимал жол құрылымының және/немесе жол инфрақұрылымының кемшіліктерінің болуы;

в) ЖКО не себеп болғаны (ЖҚЕ бұзылған тармақтарын және олардың нақты тұжырымдарын көрсете отырып);

г) жол құрылымының, жол инфрақұрылымының және көлік құралының нақты маркасының қандай ілеспе элементтері ЖКО қатысушыларының қаза болуына және жаралануына әкеп соқтырғаны;

д) ЖКО орнының және/немесе телімінің ЖКО шоғырлану орындары мен телімдеріне жататыны.

8.4.6.5 ЖКО ТТ талдау нәтижелері негізінде жол инфрақұрылымының анықталған кемшіліктерін жоюға, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған түзету іс-қимылдары әзірленеді.

8.4.6.6 Түзету әрекеттерін әзірлеу пайдаланушы ұйым немесе автомобиль жолын басқарушылар әзірлеген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

8.4.6.7 Түзету әрекеттерін автомобиль жолдарын басқарушылар бекітеді және белгіленген мерзімдерге сәйкес іске асыруға жатады.

8.4.6.8 Түзету іс-әрекеттерінің тиімділігін бақылауды автомобиль жолын басқарушылар түзету іс-әрекеттері іске асырылғаннан кейін жолдың осы теліміндегі ЖКО туралы статистикалық деректерді мониторингілеу жолымен жүзеге асырады.

### 8.5 ЖКО ШОБ рәсімі

8.5.1 Жол-көлік оқиғаларының шоғырлану орындарын есепке алу библиографияның [27] тармағы бойынша жүргізіледі.

8.5.1.1 Қауіпсіздік критерийлері бірінші кезекте: ЖКО туындау ықтималдығы, ЖКО қаттылығы, ЖКО салдарының ауырлығы болып табылады. Тәуекелді бағалау критерийлері қауіпсіздік мәселелеріне тәуекел деңгейлерін тағайындауға және ЖКО шоғырлану орындарын жоюға басымдық беруге көмектеседі.

8.5.1.2 Бірінші кезекте статистикалық деректер негізінде 3-кестеде ұсынылған жіктеу бойынша жергілікті телімдегі ЖКО жиілігін анықтау қажет.

#### 3-кесте – Ықтимал ЖКО жиілігін бағалау

ЖКО орын алу ықтималдылығы	Ықтималдық сипаттамасы ЖКО
Жиі	Айына бір рет немесе одан да көп
Ықтимал	Жылына бір рет немесе одан да көп
Сирек	Үш-он жылда бір рет
Екіталай	Он жылда бір реттен сирек

8.5.1.3 Екінші кезеңде 4-кестедегі жіктеуге сәйкес жол-көлік оқиғаларының ауырлығын 4 түрге бағалау қажет.

#### 4-кесте – ЖКО ауырлығын бағалау

ЖКО ауырлық дәрежесі	Сипаттамасы	Типтік мысалдар
Ауыр	Көптеген өлімге әкелуі мүмкін	Жоғары жылдамдық, жүрдек автожолдағы бірнеше көліктердің соқтығысуы. Автобустың көпір тірегімен жоғары жылдамдықта соқтығысуы.
Қаты	Өлім және (немесе) ауыр жарақаттар болуы мүмкін	Жоғары/орташа жылдамдықта көліктердің соқтығысуы. Жол жиегіндегі бекітілген нысандармен жоғары/орташа жылдамдықта соқтығысу. Ауылдық жерлерде тас жолда жаяу жүргіншілердің соқтығысуы.

4-кестенің соңы

Орташа	Тек жеңіл жарақаттар болуы мүмкін	Бұрылу жолағында артқы бамперге соғылу немесе автотұрақта жаяу жүргіншімен соқтығысу секілді төмен жылдамдықтағы соқтығысулар.
Шектеулі	Тек жеңіл жарақаттар немесе мүліктің зақымдануы мүмкін	Көлік құралдарының өте төмен жылдамдықпен соқтығысуы. Жаяу жүргіншінің тегіс емес жаяужолда құлауы. Жеңіл автокөліктің автотұрақтағы бөлу жиегіне соқтығысуы.

8.5.1.4 Үшінші кезеңде 5-кестеде көрсетілген матрица бойынша жергілікті телімдегі ЖКО жиілігі мен ауырлығын салыстыру кезінде ЖКО шоғырлану орны мен телімінің дәрежесін анықтау және 6-кесте бойынша инженерлік-техникалық шаралардың одан әрі басымдықтарын айқындау.

**5-кесте – ЖКО шоғырлану орынның дәрежесін анықтау**

Ықтимал ЖКО ауырлығы	Ықтимал ЖКО жиілігі			
	жиі	ықтимал	сирек	екіталай
	РИСК			
Ауыр	Жол берілмейтін	Жол берілмейтін	Жол берілмейтін	Жоғары
Қаты	Жол берілмейтін	Жол берілмейтін	Жоғары	Орташа
Орташа	Жол берілмейтін	Жоғары	Орташа	Төмен
Шектеулі	Жоғары	Орташа	Төмен	Төмен

**6-кесте – Инженерлік-техникалық шаралардың басымдықтарын айқындау**

Риск	Предлагаемый подход к устранению проблем
Жол берілмейтін	Шығындарға қарамастан, бірінші кезектегі, басымдықты жою.
Жоғары	Мәселе екінші кезекте шешіледі - тіпті жоғары шығындармен.
Орташа	Мәселе қалыпты шығындармен шешілуі керек
Төмен	Мәселе ең аз шығындармен шешілуі керек.

8.5.1.5 ЖКО шоғырланған жерлерде жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі капиталды қажет етпейтін іс-шараларды енгізудің тиімділігі тікелей есеппен немесе жоспарланатын іс-шараларды іске асырғаннан кейін апаттылық деңгейінің болжамды төмендеуін айқындау жолымен айқындалуы мүмкін, ол осындай іс-шараларды орындау нәтижесінде ЖКО санының өзгеруіне бұрын орындалған заттай байқаулардың нәтижелерін пайдалана отырып, есептік тәсілмен белгіленеді.

8.5.1.6 Іс-шараларды таңдаудың негізгі қағидаттары:

- жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы ұлттық стандарттау жүйесі құжаттарының және басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын сақтау;
- апаттылықтың негізгі факторларының әсерін азайту (жою);
- ЖКО алдын алу басымдығы және КЖЖ көліктік-пайдалану жағдайының кемшіліктеріне байланысты қаза тапқандар бар ЖКО;
- іс-шараларды қалыптастырудың кешенді тәсілі.

8.5.1.7 ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шараларды енгізу бойынша ұсынылатын бағыттар:

- автомобиль жолының пайдалану параметрлерін жобалауға арналған нормалардың (бастапқы сапалардың) талаптарына дейін қалпына келтіру;

- қозғалысты ұйымдастыруды жетілдіру, ҚР СТ 2067 және ГОСТ 32846 бойынша автомобиль жолдарын жайластыру элементтерімен жабдықтау;

- ГОСТ 33180 және ГОСТ 33181 сәйкес жолдар мен жасанды құрылыстарды күтіп-ұстаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету.

- ЖКО тұрақты шоғырланған жерлерде трасса маңындағы медициналық-құтқару пункттерін орналастыру бойынша тиісті уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізіледі;

8.5.1.8 Іс-шаралар аудиторлардың немесе ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде апаттылықтың тән себептерін жою үшін оларды әзірлейтін басқа мамандардың ұсынымдары бойынша (немесе ұсынымдарына сәйкес) тағайындалады.

8.5.1.9 Басым іс-шаралар қатарында көлік-пайдалану көрсеткіштерін ҚР СТ 1912 және ГОСТ 33220 [2] талаптарына сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін (күрделі көрсеткіштерді қоспағанда) күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жол жұмыстары ұсынылады.

8.5.1.10 Іс-шараларды таңдау бойынша басым бағыттар ретінде ЖКО шоғырланған жерлерде және телімдерде нақты жылдамдықты төмендетуге, сондай-ақ автомобиль жолдарын жайластыру элементтері мен инженерлік жабдықтарды пайдалануға бағытталған шараларды қарастыру ұсынылады.

ҚР Ұ 218-169 [12] келірілген жол жағдайлары тән ЖКО шоғырлану орындары мен телімдердегі апаттылықты қысқарту бойынша капиталды қажет етпейтін іс-шараларды қолданудың типтік шешімдері.

8.5.1.11 Қарауға ЖКО жекелеген түрлерінің алдын алуға ықпал ететін жалғыз іс-шараларды (жол жағдайларының жергілікті өзгерістеріне бағытталған), сондай-ақ барлық ЖКО алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін қосу ұсынылады.

8.5.1.12 Қозғалыс жағдайларының біртектілігін қамтамасыз ету үшін ЖКО шоғырланған жерлердегі іс-шаралардан басқа, олармен шектес телімдерде көліктік-пайдалану көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі іс-шараларды да көздеу ұсынылады.

8.5.1.13 Апатты жағдайдың күтілетін өзгеруінің іс-шараларының тиімділігін анықтау ҚР Ұ 218-169 [12] және ҚР Ұ 218-186 [15] бойынша жүргізіледі.

## **9 Қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру үдерісі**

### **9.1 Жалпы ережелер**

9.1.1 Қазақстанда автомобиль жолдары қозғалысының қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру рәсімдері «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оның тиімділігі мен нәтижелілігін тұрақты арттыруға бағытталған.

9.1.2 ЖҚК басқару жүйесін жетілдіру рәсімдері мыналарды қамтиды:

9.1.2.1 Жүйені тұрақты бақылау және бағалау:

- апаттылық мониторингі.

- жол қозғалысы қауіпсіздігіне жауапты ұйымдар жұмысының тиімділігін бағалау.

9.1.2.2 Проблемалар мен кемшіліктерді анықтау және талдау:

- ЖКО себептерін талдау.

- ЖКО шоғырлану орындары мен телімдерін анықтау.

- ЖҚК мәселелері бойынша азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін талдау.

9.1.2.3 Түзету және алдын алу іс-әрекеттерін әзірлеу және іске асыру:

- талдау барысында анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру.

- ҚР СТ 1412 сәйкес жаңа ЖҚҰТҚ енгізу.

- жол қозғалысына қатысушылармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

## **9.2 Кадрлық қамтамасыз ету**

9.2.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдері автомобиль жолдарының қауіпсіздігі саласындағы дипломдармен, аттестаттармен сертификаттармен, аккредиттеумен расталған құзыреттері бар тиісті білікті кадрлармен қамтамасыз етіледі.

## **9.3 Ғылыми-зерттеу жұмыстары**

9.3.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар ғылыми-техникалық қызметкерлерді, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарын тарта отырып жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

9.3.2 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар автожол нысандарын ғылыми-техникалық сүйемелдеу шеңберінде [7] сәйкес іске асырылуы мүмкін.

9.3.3 Шетелдік нормативтік-техникалық құжаттар әзірленген әлемде апробацияланған және толық қолданылатын инновацияларды енгізу Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы мүмкін.

9.3.4 Автожол нысандарын ғылыми-техникалық сүйемелдеу шеңберінде жол қозғалысын ұйымдастырудың уақытша құралдарының көмегімен жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту және жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі инженерлік-техникалық шаралар мен құралдарды тәжірибелік қолдануға жол беріледі.

## **9.4 Тиімділікті бақылау**

9.4.1 Қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органның және автомобиль жолдарын басқарушылардың тұрақты бақылауына жатады.

9.4.2 Автомобиль жолдарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің үдерістік моделі жол қозғалысы қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдерінің және тұтастай алғанда жүйенің тиімділігі тұрғысынан аудитке жатады, жүйені жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлене отырып, 5 жылда 1 рет кезенділікпен қайта қаралады.

**А қосымшасы**  
*(ақпараттық)*

**Автомобиль жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің  
үдерістік моделінің сипаттамасы**

А.1 Модельдің негізгі компоненттері өзара әрекеттесетін бес негізгі блоктан тұрады: «Үдерістің кірісі», «Басқару үдерістері», «Негізгі үдерістер», «Қамтамасыз ету үдерістері» және «Шығу үдерісі».

А.2 «Үдерістің кірісі» бірінші блогы жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің және басқа да жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздік бөлігіндегі қажеттіліктері мен тілектерін, жол төсемелерінің құрылымдарын, оның ішінде жолдың геометриялық көрсеткіштерін (жолдың ені, көлбеу бұрышы, бұрылу радиустары және пландағы қисық, таңба, белгілер, жарықтандыру және инфрақұрылымның басқа элементтері) сондай-ақ, ЖҚҚ мәселелерін реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын ескереді.

А. 1 «Басқару үдерістері» «Негізгі үдерістермен» бірге тікелей орындалатын 4 негізгі процедураны қамтиды.

А.1.1 «Институционалдық басқару» рәсімі «Үдерісті басқаруда» іргелі болып табылады және ЖҚҚК шешуші рөл атқарады. Бұл әртүрлі органдар мен ұйымдардың күш-жігерін біріктіруге, ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және апаттылықты азайту жөніндегі қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және ЖҚҚК бойынша қызметті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы мен тетіктерін сипаттайды.

А. 2 Институционалдық басқару 3 негізгі аспектіні қамтиды:

А.2.1 Жауапты органдар мен олардың функцияларын анықтау:

Мемлекеттік органдар:

- ЖҚҚ саласындағы саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты министрліктер мен ведомстволар.

- жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылау мен қадағалауға жауапты полиция департаменттері (бұдан әрі - ПД).

- республикалық және халықаралық маңызы бар жолдарда жол қозғалысын ұйымдастыруға және жол инфрақұрылымын күтіп-ұстауға жауапты автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор.

- облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің көшелерінде жол озғалысын ұйымдастыруға және жол инфрақұрылымын күтіп-ұстауға жауапты жергілікті атқарушы органдар.

Қоғамдық ұйымдар: автомобиль клубтары; жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер қауымдастығы; сақтандыру және басқа да ЖҚҚ мәселелерімен айналысатын ұйымдар. Олардың рөлі ЖҚҚ бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға, қоғамдық науқандарды өткізуге, халықты ақпараттандыруға және оқытуға қатысу болып табылады.

Ғылыми және білім беру мекемелері ЖҚҚ саласында зерттеулер жүргізеді, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа технологиялары мен әдістемелерін әзірлейді, ЖҚҚ саласындағы мамандарды оқытады.

А.2.2 Үйлестіру және өзара әрекеттесу механизмдері:

- Ведомствоаралық комиссиялар мен жұмыс топтарын құру, бұл ЖҚҚ қамтамасыз етуге тартылған түрлі органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимыл алаңын құруға мүмкіндік береді;

- нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық базаны әзірлеу және тұрақты жетілдіру;

- ЖҚҚ бойынша бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті ресурстарды бөлуді қамтамасыз ету;

- ЖҚҚ жай-күйі, үздік тәжірибелер мен жаңа технологиялар туралы ақпаратты жинауды, талдауды және таратуды қамтитын ақпараттық қамтамасыз ету;

- ДҚҚ қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің тиімділігін бағалауда азаматтық қоғамның қатысуымен қоғамдық бақылау.

#### А.2.3 Институционалдық басқару қағидаттары.

Жұртшылық үшін ЖҚҚ қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы ақпараттың ашықтығы мен анықтығы.

ЖҚҚ саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізгені үшін органдар мен ұйымдардың есептілігі мен жауапкершілігі.

Ресурстарды ұтымды пайдалану кезінде максималды нәтижелерге қол жеткізудің тиімділігі мен бақылауы.

Барлық мүдделі тараптардың ЖҚҚ қамтамасыз ету үдерісіне қатысуы.

А.3 Талдау және шешім қабылдау рәсімі ЖҚҚ ағымдағы жағдайды бағалауды, проблемалық телімдерді анықтауды және жол қозғалысы қауіпсіздігін (ЖҚҚ) жақсарту үдерісінің негізгі кезеңдерін сипаттайтын оларды жою жөніндегі шараларды әзірлеуді қамтиды, оның ішінде:

#### А.3.1 ЖҚҚ ағымдағы жағдайды бағалау.

Деректерді жинау:

- ЖКО статистикасын жинау және талдау (саны, түрлері, ауырлығы, орналасқан жері);  
- жол инфрақұрылымының жай-күйін зерттеу (жарықтандыру, таңба, белгілер, жаяу жүргіншілер өткелдерінің болуы және т.б.);

- қозғалыс қарқындылығын бағалау (көлік түрлері, тәулік уақыты, апта күндері бойынша);

- жол қозғалысына қатысушылардың мінез-құлқын талдау (жол қозғалысы ережелерін сақтау, жылдамдық режимі).

Деректерді талдау:

- апаттылықтағы заңдылықтар мен үрдістерді анықтау;

- қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау;

- ЖҚҚ қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы шаралардың тиімділігін бағалау.

#### А.3.2 Проблемалық телімдеді анықтау:

- ЖКО шоғырлану орындарын оқшаулау;

- ЖКО туындау ықтималдығы жоғары телімдерді – «қара нүктелерді» сәйкестендіру;

- проблемалық телімдерде апаттың пайда болу себептерін талдау;

- жол қозғалысына қатысушылардың әртүрлі топтары (жүргізушілер, жаяу жүргіншілер, велосипедшілер) үшін тәуекелдерді бағалау.

#### А.3.3 Проблемалық телімдерді жою бойынша шаралар әзірлеу:

1) инженерлік іс-шаралар:

- жол инфрақұрылымын жақсарту (жол жамылғысын жөндеу, қоршаулар орнату, таңбалар мен белгілерді оңтайландыру);

- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын (бағдаршамдар, фото-бейнетіркеу камералары) енгізу;

- жаяу жүргіншілер өткелдерін, жер үсті және жерасты өткелдерін салу.

2) ұйымдастыру іс-шаралары:

- жол қозғалысын ұйымдастыруды өзгерту (біржақты қозғалысты енгізу, жылдамдықты шектеу және т.б.);

- ЖҚЕ сақталуын бақылауды күшейту;

- жол қозғалысына қатысушылармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3) тәрбие іс-шаралары:

- жүргізу мәдениетін арттыру;
- балаларды жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне үйрету;
- ЖҚК насихаттау бойынша әлеуметтік науқандар өткізу.

А.3.4 Әзірленген шаралар кешенді болуы және әрбір проблемалық телімнің ерекшелігін ескеруі тиіс екенін атап өту маңызды. Сондай-ақ, енгізілген шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу және қажет болған жағдайда оларды түзету қажет.

А.4 ЖҚК дамытудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларын және оған қол жеткізу жөніндегі нақты қадамдарды қалыптастыру үшін негіз болып табылатын, ЖҚК деңгейін арттыру және ЖКО санын азайту жөніндегі нақты мақсаттары мен бағдарламалары бар стратегиялық басқаруды әзірлеуді қамтитын ЖҚК стратегиялық басқару рәсімі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стратегияны әзірлеу және іске асыру үдерісі мынадай кезеңдерден тұрады:

А.4.1 ЖҚК басқарудың стратегиялық жоспарын әзірлеу, оған мыналар кіреді:

- ағымдағы жағдайды талдау, яғни жолдардағы қауіпсіздік деңгейін бағалау, апаттылықтың негізгі проблемалары мен себептерін анықтау («ЖҚК ағымдағы жағдайды бағалау» тармағында сипатталғандай);

- ЖҚК қамтамасыз ету саласындағы өлім саясатына сәйкес келетін пайым мен миссияны айқындау;

- көзқарасқа қол жеткізуге әкелетін нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, өзекті және уақыт шектеулі стратегиялық мақсаттарды қою және тұжырымдау;

- стратегияны іске асыру үшін қажетті қаржылық, адами және техникалық ресурстарды анықтау және жоспарлау.

А.4.2 Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі саласында мақсаттар қою тәртібі.

А.4.2.1 Ұлттық деңгей:

1) «Vision Zero» тұжырымдамасы немесе осыған ұқсас өршіл мақсаттар негізінде жолдардағы өлім-жітімді азайту жөніндегі ұзақ мерзімді мақсатты айқындау. Мысалы, 2050 жылға қарай жолдарда өлім-жітім нөлге тең;

2) ағымдағы үрдістер мен мүмкіндіктерге негізделген алдағы 5-10 жылға арналған аралық сандық мақсаттарды белгілеу. Мысалы, негізгі 2020 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай өлім-жітім санын 50% қысқарады.

А.4.2.2 Өңірлік/облыстық деңгей:

1) әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, ұлттық мақсатты құрамдас өңірлік мақсаттарға бөлу (қозғалыс қарқындылығы, жолдардың жай-күйі, ЖКО саны және т.б.);

2) өлімді азайтудың, ЖКО санының, қозғалысқа осал қатысушылардың қауіпсіздігін арттырудың өңірлік нысаналы көрсеткіштері белгіленсін.

А.4.2.3 Қалалар/аудандар деңгейі:

Деректерді талдау негізінде ЖКО қаупі жоғары қалалық және ауылдық жолдардың басым телімдерін айқындау.

Инфрақұрылымды жақсарту, қозғалысты ұйымдастыру, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолымен осы телімдерде ЖКО, өлім-жітім мен жарақаттану санын азайту бойынша мақсаттарды белгілеу.

А.4.2.4 Нақты жолдар/маршруттар деңгейі:

Жол инфрақұрылымының жай-күйі, қозғалыс қарқындылығы және жолдың әрбір теліміндегі ЖКО туралы деректерді талдау.

Ең көп ЖКО және жарақат алу қаупі жоғары басым телімдерді анықтау.

Қолданыстағы кемшіліктерді жою және осы телімдерде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша нысаналы көрсеткіштерді белгілеу (мысалы, жол жамылғыларын ауыстыру, жаяу жүргіншілер өткелдерін, тосқауыл қоршауларын ұйымдастыру және т.б.)

А. 4. 3 Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларды қалыптастыру:

- қысқа мерзімді жоспарлар (1-3 жыл): ең өзекті мәселелерді шешуге және жылдам нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

- ұзақ мерзімді жоспарлар (5-10 жыл): стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және ЖҚҚ тұрақты жақсартуға бағытталған.

А.4.4 Мақсаттарға жету үшін нақты қадамдарды анықтау:

- жауапты орындаушыларды, орындалу мерзімдерін және қажетті ресурстарды көрсете отырып, іс-қимылдың толық жоспарларын әзірлеу.

- стратегияны іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау жүйесін енгізу.

- нәтижелерді үнемі талдау және қажет болған жағдайда жоспарларды түзету.

А.4.5 ЖҚҚ стратегиялық басқарудың негізгі қағидаты кешенді тәсіл, яғни жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсер ететін барлық факторларды есепке алу, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, сол сияқты барлық мүдделі тараптардың (ЖАО, МО, ПД органдары, қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелер және т.б.) ынтымақтастығы, деректерде негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ғылыми тәсіл болып табылатын заманауи технологиялар мен ЖҚҚ қамтамасыз ету тәсілдерін қолдана отырып, әлемде қолданылатын инновацияларды енгізу, талдау.

Жоғарыда аталған қағидаттар контекстінде осы үдерістерді қолданудың тұрақтылығы іске асырылып жатқан шаралардың ұзақ мерзімді әсерін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады және оны табысты іске асыру үшін қоғамның барлық мүшелерінің қатысуы және әдістер мен тәсілдерді ұдайы жетілдіру талап етіледі.

А. 5 «Бақылау рәсімдері» бағдарламалар мен жоспарлардың іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізуді, олардың тиімділігін бағалауды және түпкі мақсатқа қол жеткізу үшін тиісті түзетулер енгізуді көздейді, оған мыналар кіреді:

А.5.1 Бағдарламалар мен жоспарларды іске асыру мониторингі мыналарды қамтиды:

- жоспарланған іс-шаралардың орындалуын қадағалау (мерзімдері, көлемі, сапасы);

- апаттылық көрсеткіштеріндегі өзгерістерді талдау (ЖҚО, зардап шеккендер, қаза болғандар саны);

- жол инфрақұрылымының жай-күйін және жол қозғалысына қатысушылардың мінез-құлқын бағалау;

- халық пен мүдделі тараптардан кері байланыс жинау.

А.5.2 Тиімділікті бағалау мыналарды қамтиды:

- қойылған мақсаттарға қол жеткізуді талдау;

- нақты нәтижелерді жоспарланған көрсеткіштермен салыстыру;

- жоспарлы мәндерден ауытқу себептерін анықтау.

А.5.3 Статикалық және экономикалық талдау, сондай-ақ әлеуметтанулық зерттеу негізінде жекелеген іс-шаралардың тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

- әрбір іс-шараның ЖҚҚ көрсеткіштеріне әсерін талдау;

- ең тиімді және тиімділігі аз шараларды анықтау.

А.5.4 Жүргізілген мониторинг пен бағалау нәтижелері бойынша мүдделі тараптар бұрын қабылданған іс-шаралардың тиімділігін талдауды, бағдарламаларды жоспарлау мен іске асыруда анықталған қателіктерді, іс-шаралардың мерзімдері мен көлемдерін өзгертуді, сондай-ақ ресурстарды қайта бөлуді ескере отырып, ЖҚҚ деңгейін арттырудың стратегиялық жоспарларына іс-әрекеттерді түзететін бірқатар енгізеді.

Мүдделі тараптардың жауапкершілік матрицасының үлгісі А.1-кестесінде келтірілген.

А.1-кесте - Мүдделі тараптардың жауапкершілік матрицасының үлгісі

№	Үдерістердің атауы	Мүдделі тараптар			
		Жауапты орындаушы	Бекіту	Келісу	Ақпараттандыру
<b>1</b>	<b>Өмірлік цикл кезеңдеріндегі ЖҚК рәсімдері</b>				
1.1	Автомобиль жолын жоспарлау сатысындағы және ТЭН ЖҚК рәсімдері				
1.1.1	ЖҚК, жоспарланған телімге, іргелес жол желісіне және жалпы өңірлік жол желісіне әсерін бағалау				
1.1.2	ЖҚҚА-1				
	ЖҚҚК бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу				
1.2	<b>Жобалау сатысындағы ЖҚКәсімдері</b>				
1.2.1	Жобалау сатысында ЖҚК бағалау және арттыру				
1.2.2	ЖҚҚА-2				
1.2.3	ЖҚҚА-3				
1.3	<b>Құрылыс және жөндеу сатысындағы ЖҚҚА рәсімдері</b>				
1.3.1	ЖСҚ талдау, жқжж ордері, ЖҚ басқару жоспарын дайындау, ЖҚҚК жоспары				
1.3.2	Телімнің күнделікті инспекциясы				
1.3.2	Инспекция, мониторинг (тоқсанына бір рет)				
	Жолдарды пайдалануға қабылдау сатысындағы ЖҚҚК рәсімдері <sup>[11]</sup> ЖҚҚА-3				
1.4	<b>Пайдалану сатысындағы ЖҚҚК рәсімдері</b>				
1.4.1	Пайдалануға берілгеннен кейін ЖҚК инспекциясы, ЖҚҚА-4 (3 және 12 айдан кейін)				
1.4.2	ЖҚК инспекциясы, жыл сайын, (жарнама қалқандары) 3 жылдық түзету әрекеттерінің нәтижелеріне мониторинг				

## А.1-кестенің жалғасы

1.4.3	ЖҚҚК күнделікті рәсімдері, патрульдеу				
1.4.4	Маусымдық - күз, көктем, қыс, күзгі-көктемгі тексеру рәсімдері				
1.4.5	КО сипаттамаларының және ЖҚ қатысушыларының мониторингі КО құрамы, жылдамдық режимдері, ЖҚ осал қатысушылары, ЖҚ бейсаналық қатысушылары				
1.4.6	ЖЭС, қауіпсіздік коэффициенті, жүктеме, ілінісу жүйелі мониторингі				
1.4.7	Мониторинг нәтижелері негізінде жққ жоғарылату бойынша жедел шаралар қабылдау,				
1.4.8	Табиғи және техногендік ТЖ, климаттық қауіп-қатерлер (дауыл, тұман, көктайғақ, боран, су тасқыны) кезіндегі ЖҚҚК рәсімдері, олардың ЖҚК деңгейіне әсерін бағалау, АЖӨЦ барлық сатыларында алдын алу шараларын қолдану				
1.4.9	ЖКО кезіндегі ЖҚҚК рәсімдері				
	ЖКОШО бекіту - анықтау, басымдықтар, жою әдістері				
<b>2</b>	<b>АЖҚК басқару рәсімдері</b>				
2.1	<b>АЖҚК стратегиялық басқару рәсімдері</b>				
2.1.1	ЖҚҚК миссиясын, стратегиясын, тұжырымдамасын, саясатын әзірлеу және қабылдау				
2.1.2	Бағдарламаны, жоспарларды әзірлеу және қабылдау				
2.1.3	ЖКО талдау, экономикалық шығындарды анықтау				
2.1.4	ЖҚҚК үдерістерінің номенклатурасын талдау және жетілдіру				
2.1.5	Жоғары басшылық тарапынан ЖҚҚК жүйесін жетілдіру, жүйені үнемі жетілдіру үдерісін талдау және шешімдер қабылдау				

<i>А.1-кестенің жалғасы</i>				
2.1.6	Барлық рәсімдерді үнемі жүйелі түрде жетілдіру			
2.1.7	ЖҚО толық талдау			
2.1.8	ЖҚ қатысушыларының сипаттамаларын зерттеу			
2.1.9	ЖҚ қатысушыларының әлеуметтік сауалнамасы			
2.2	<b>Институционалдық басқару рәсімдері</b>			
2.2.1	Стратегияны іске асыруды қамтамасыз ету, орындауды ұйымдастыру үдерістері			
2.2.2	ЖҚҚҚ барлық кезеңдерін бақылаудың бағалаудың және мониторингтің жүйелі рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз ету			
2.2.3	ЖҚҚҚ жүйесінің ҒЗЖ және ҒЗТҚЖ рәсімдері			
2.3	<b>Бақылау рәсімдері</b>			
2.3.1	Жүйелі үдерістердің орындалуын бақылау			
2.3.2	Стратегиялық міндеттердің орындалуын бақылау			
2.3.3	Түзету әрекеттерін әзірлеу			
2.3.4	Стратегиялық міндеттер бойынша үдерістер мен прогресті бақылау			
2.4	<b>Жоғары тарапынан талдау және шешім қабылдау рәсімдері</b>			
2.4.1	Ағымдағы жағдайды талдау және стратегиялық кезеңдерге болжау			
2.4.2	Тиімді стратегиялық шешімдерді әзірлеу және оны қабылдау			
2.4.3	ЖҚҚҚ жүйесін жетілдіру бойынша тиімді шешімдерді әзірлеу			
2.4.4	Стейкхолдерлермен және мүдделі тараптармен байланыс үдерісі			
2.4.5	ЖҚҚ арттыру бойынша шағымдар мен ұсыныстарды жинау үдерісі			

## А.1-кестенің соңы

2.4.6	ЖҚҚҚ жүйесін үнемі жетілдіру үдерістері				
<b>3</b>	<b>Қамтамасыз ету үдерістері</b>				
3.1	<b>Қаржылық қамтамасыз ету</b>				
3.1.1	ЖҚҚҚ басқару жүйесін қаржыландыру				
3.1.2	Стратегиялық басқару, талдау, бағдарламаларды дайындау үдерістерін қаржыландыру,				
3.1.3	Мониторинг және бағалау үдерістерін, аудиттерді, инспекцияларды, ЖҚҚ арттыру жоспарларын қаржыландыру				
3.1.3	ЖҚҚ арттырудың инвестициялық жобаларын қаржыландыру				
3.2	<b>Кадрлық қамтамасыз ету</b>				
3.2.1	ЖҚҚҚ кадрлық әлеуетін құру және үнемі ұлғайту				
3.2.2	Сарапшыларды аккредиттеу рәсімдері, сарапшыларға, сарапшылар тобына қойылатын талаптар; жауапкершілік, аккредиттеу, ЖҚҚ инженерінің ар-намыс кодексі				
3.3	<b>Ресурстық қамтамасыз ету</b>				
3.3.1	Материалдық-техникалық (аспаптар, жабдықтар, технологиялар, зертханалар) қамтамасыз ету				
3.3.2	Нормативтік, ақпараттық (НТҚ кітапханасы, нұсқаулықтар, нұсқамалар, оқыту курстары) қамтамасыз ету				

**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Жол-көлік оқиғасы орнындағы**  
**АКТ**

**1. Өңірдің нөмірі:**

*Астана қ. (01), Алматы қ. (02), Ақмола облысы (03), Ақтөбе облысы (04), Алматы облысы (05), Атырау облысы (06), Батыс-Қазақстан облысы (07), Жамбыл облысы (08), Қарағанды облысы (09), Қостанай облысы (10), Қызылорда облысы (11), Маңғыстау облысы (12), Түркістан облысы (13), Павлодар облысы (14), Солтүстік-Қазақстан облысы (15), Шығыс-Қазақстан облысы (16), Шымкент қаласы (17), Абай облысы (18), Жетісу облысы (19), Ұлытау облысы (20).*

**2. ЖКО орын алған күн:** « » 20 жыл

**3. ЖКО орын алған аптаның күні:**

*дүйсенбі (01), Сейсенбі (02), сәрсенбі (03), бейсенбі (04), жұма (05), сенбі (06), жексенбі (07).*

**4. ЖКО орын алған уақыт:** « » сағат « » минут

**5. ТҚ саны - қаза тапқандар саны - жараланғандар саны:** \_\_\_ - \_\_\_ - \_\_\_

**6. ЖКО орын алған жер:**

*елді мекенде (01) елді мекеннің атауы; халықаралық маңызы бар жолда (02), республикалық маңызы бар жолда (03); облыстық (04), аудандық маңызы бар жолда (05).*

**6.1 Автомобиль жолының индексі, шақырым, метр:**

**6.2 ЖКО координаттары:**

*ені және ұзындығы:*

**6.2.1 Жолдың/көшенің техникалық санаты:**

*I техникалық санат (01), II техникалық санат (02), III техникалық санат (03), IV техникалық санат (04), V техникалық санат (05), магистральдық көшелер (06), тұрғын үй құрылысындағы көшелер (07), өнеркәсіптік аймақтағы көшелер (08), өзге орындар (09).*

**6.2.2 ЖКО орны ЖКО шоғырлану орны болып табыла ма:**

*иә (01), жоқ (02).*

**6.2.3 Қиылыстың типі (егер бар болса):**

*Қиылыста емес (01), + тәрізді (02), т тәрізді (03), х тәрізді (04), Y тәрізді (05).*

**6.2.4 Жол жамылғысының типі:**

*асфальтбетон (01), цементбетон (02), шағыл тасты (03), топырақты (04), басқа (05).*

**6.2.5 Көлік ағындарын бөлу типі:**

*жоқ (01), таңба 1.1 (02), таңба 1.3 (03), металл тосқауыл (04), темірбетон қоршау (05).*

**6.2.6 Шеткі таңбаның болуы:**

*иә (01), жоқ (02).*

**6.2.7 Жолдың геометриялық параметрлері:**

- жүру бөлігінің ені: \_\_\_ м

- жол жиегінің ені: \_\_\_ м

- жаяу жолдың ені: \_\_\_ м

- бөлу жолағының ені: \_\_\_ м.

**6.2.8 Жол қозғалысын ұйымдастыру шарттарының өзгеруі:**

*қозғалыс режимі өзгермеді (01), ішінара жабылды (02), толығымен жабылды (03).*

**6.2.9 Көше, жол элементтері:**

*көпір (өткел) (01), виадукт (02), эстакада (03), қозғалыс көліктің аялдама аймағы (04), реттелетін жаяу жүргіншілер өткелі (05), реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі (06), реттелетін қиылыс (07), реттелмейтін қиылыс (08), тосқауылмен теміржол өткелі (09), тосқауылсыз теміржол өткелі (10), айналмалы қозғалыс (11), тік түсу (12), тік көтерілу (13), қауіпті бұрылыс (14).*

**7. Жол жағдайы:**

*бет ылғал (01), қар (02), мұз (03), жолдарды жөндеу (04), құрғақ (05), ластанған (06), жаңадан төселген (07), беттік өңдеу (оның ішінде көктайғаққа қарсы материалмен) (08).*

7.1. Жарықтандыру: күн (01), ымырт (02), түн (03).

7.2. Қараңғы уақытта сыртқы жарықтандыру: қосулы (01), қосылмаған (02), жоқ (03).

8. Көше-жол желісінің тіркелген кемшіліктері:

жоқ (00), тайғақ жамылғы (01); тегіс емес жамылғы (02), сораптылық (03), шұңқыр (04), жол жиегінің қанағаттанарлықсыз жай-күйі (05), қауіпті телімдерде қоршаулардың болмауы (06), жол бөлігінің жеткіліксіз жарықтандырылуы (07), жұмыс жүргізлетін орындарда қоршаулар мен сигналдардың болмауы (08), жол белгілерінің болмауы немесе олардың дұрыс қолданылмауы (09), жол белгілерінің болмауы немесе оның нашар көрінуі (10), қар басқан (11), көктайғаққа қарсы материалмен өңделмеген (12), су басқан (жабылған) (13), қысқы күтіп-ұстаудың жетіспеуі (14), бағдаршамның ақауы (15), жарық қайтарғыштардың нашар көрінуі (16), ағаштар (17), жаяу жолдардың немесе жаяу жүргізушілер жолдарының болмауы (18), темір жол өткелінің қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі (19), өзге кемшіліктер \_\_\_\_\_ (20).

9. Ауа райы жағдайлары:

ашық (01), бұлтты (02), тұман (03), жаңбыр (04), қар (05), жел (06), жоғары температура +30 (07), төмен температура -30 (08), боран (09), дауылды жел (10).

10. Телімдегі жылдамдықты шектелуі: \_\_\_\_\_ шқ/сағ.

нақтылау: 40 шқ/сағ аз (1), 40-60 шқ/сағ (2), 60-80 шқ/сағ (3), 80-110 шқ/сағ (4), 110 шқ/сағ көп (5).

11. Қозғалыс режиміне әсер ететін факторлар:

факторлар жоқ (01), тұрақта тұрған көлікпен жүру бөлігінің тарылуы (02), жұмыс жүргізу салдарынан жүру бөлігінің тарылуы (03), жүру бөлігінде ақаулы КҚ болуы (04), қозғалыс режимі бұрын болған ЖКО салдарынан бұзылған (05), жаяу жолдарда (жаяу жүргізушілер жолдарында, жол жиектерінде) көліктің болуы (06), жаяу жолдарда жұмыстар жүргізу (07), жол параметрлерінің сәйкес келмеуі (08), жол санатының сәйкес келмеуі (09), көпір (жол өтпесі) габаритінің жүру бөлігінің еніне сәйкес келмеуі (10), қозғалыс үшін қосымша жолақтардың болмауы (11), жолдың осы элементіндегі электрмен жабдықтауды ажырату (12), бағдаршамның «сары жыпылықтау» режиміндегі жұмысы (13).

12. Жүргізушінің маневрі:

солға бұрылу (01), оңға бұрылу (02), кері бұрылу (03), жанасудан шығу (04), қиылыстан өту (05), жолақтарды қайта ауыстыру (06), бозу (басып озу) (07), күрт бастау (08), қатты тежеу (09), жолдағы тұрақ (10), жол жиегіндегі тұрақ (11).

13. ЖКО сұлбасының коды:

ЖКО сұлбаларының кодификаторына сәйкес.
























**Б.1-кесте - ЖКО сұлбаларының кодификаторы**

№	ЖКО сұлбаларының кодификаторы			
1	КҚ қозғалысының ілеспе бағыты (КҚ бұрылмайды)			
Түрі				
Код	1.1	1.2	1.3	1.4
Түрі				
Код	1.5	1.6	1.7	










Б.1-кестенің жалғасы

2		КҚ қозғалысының ілеспе бағыты (бір КҚ бұрылмайды)			
Түрі					
Код	2.1	2.2	2.3	2.4	
Түрі					
Код	2.5				
3		КҚ қозғалысының қарсы бағыты (КҚ бұрылмайды)			
Түрі					
Код	3.1	3.2	3.3	3.4	
4		КҚ қозғалысының қарсы бағыты (кем дегенде бір КҚ бұрылады)			
Түрі					
Код	4.1	4.2	4.3	4.4	
Түрі					
Код	4.5				
5		КҚ қозғалысының қиылысу бағыты, кем дегенде бір КҚ бұрылған кезде немесе КҚ перпендикуляр бағытта қозғалған кезде			
Түрі					
Код	5.1	5.2	5.3	5.4	
Түрі					

Б.1-кестенің жалғасы

6	КҚ жолдан шығуы			
Түрі				
Код	6.1	6.2	6.3	6.4
7	Жаяу жүргіншілер өткелі аймағында және қиылыста жаяу жүргіншіні басуы			
Түрі				
Код	7.1	7.2	7.3	7.4
Түрі				
Код	7.5	7.6	7.7	7.8
Түрі				
Код	7.9	7.10		
8	Жаяу жүргіншіні басуы (жаяу жүргіншілер өткелінен тыс)			
Түрі				
Код	8.1	8.2	8.3	8.4
Түрі				
Код	8.5	8.6	8.7	8.8
Түрі				

Б.1-кестенің соңы

9	Басқа ЖКО			
Түрі				
Код	9.1	9.2	9.3	9.4
Түрі				
Код	9.5	9.6	9.7	9.8
Түрі				
Код	9.9			

#### 14. ЖКО түрі:

бетпе-бет соқтығысу (01), бүйірлік соқтығысу (02), ілеспе соқтығысу (03), жолаушының құлауы (04), аударылу (05), тұрған көлік құралына соқтығысу (бұдан әрі – КҚ) (06), кедергіге соғылу (07), жаяу жүргінішіге соқтығысу (08), велосипедшіге соқтығысу (09), ат көлігіне соқтығысу (10), жануарға соқтығысу (11), оқиғалардың өзге түрлері (12), мопед жүргізушісіне соқтығысу (13), электр скутерге соқтығысу (14), шағын электр көлік құралына соқтығысу (15).

#### 15. Жол қозғалысы ережелерін (бұдан әрі - ЖҚЕ) бұзу:

жол қозғалысы ережелерінде немесе жол белгілерінде белгіленген жылдамдықты арттыру (01); бағдаршамның тыйым салу сигналына немесе реттеушінің тыйым салу қимылына өту (02); жол белгілерінде немесе жолдың жүру бөлігін белгілеуде белгіленген талаптарды сақтамау (03); жаяу жүргінішілерге немесе жол қозғалысының өзге де қатысушыларына қозғалыста артықшылық бермеу (04); жолаушыларды тасымалдау ережелерін сақтамау (05); жүктерді тасымалдау сақтамау (06); маршруттық КҚ аялдамалары (07), тұрғын аймақтардағы қозғалыс (08), көлік құралдарын сүйреп апару (09); ЖҚЕ басқа да өрескел бұзушылықтар (10); жол қиылыстарынан өту немесе жолдың жүру бөлігінен өту қағидаларын бұзу (11); маневр жасау (12); жолдың жүру бөлігінде КҚ орналасуы (13); қарсы айырық, немесе басып озу (14); КҚ аялдмасы немесе тұрағы (15); арнайы жарық және жарық қосылған жедел және арнаулы қызметтердің көлік құралына қозғалыста артықшылық бермеу (16); сыртқы жарық аспаптарын пайдалану (17); апаттық дабылды қолдану (18); жол қозғалысына қатысушының апаттық жағдай туғызуға әкеп соққан ЖҚЕ бұзуы (19); темір жол өткелдерінің өтуі (20); қашықтықты сақтамау (21); жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін ауыр немесе шаршаған күйдегі жүргізушінің КҚ басқаруы (22); алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі жүргізушінің КҚ басқаруы (23); КҚ жүргізушілерінің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларын бұзуы (24); жүргізушінің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, жол-көлік оқиғасына байланысты міндеттерді орындамауы (25); оларды пайдалануға тыйым салынған ақаулары бар КҚ басқару (26); жаяу жүргінішілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың қозғалыс қағидаларын бұзуы (27), мал айдау қағидаларын бұзу (28), жол жұмыстарын жүргізу, коммуникацияларды күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды бұзу (29), техникалық ақаулары бар көлік құралдарын пайдалануға шығару (30), белгіленген нормаларды бұза отырып, көлік құралдарының сәйкестігін растайтын сертификаттарды немесе өзге де құжаттарды тану немесе беру (31).

16. КҚ туралы мәлімет:

КҚ №1 (01): мемлекеттік нөмір:	жетек:	шиналардың типі:	залал:
КҚ №2 (02): мемлекеттік нөмір:	жетек:	шиналардың типі:	залал:
КҚ №3 (02): мемлекеттік нөмір:	жетек:	шиналардың типі:	залал:
КҚ №4 (03): мемлекеттік нөмір:	жетек:	шиналардың типі:	залал:

16.1 Жетектің типі:

*алдыңғы (01), артқы (02), толық жетекті (03), басқа (04).*

16.2 Шиналардың типі:

*жазғы (01), барлық маусымдық (02), қысқы (03), қысқы тікенді (04), басқа (05).*

16.3 КҚ жасы:

*5 жылдан аз (01), 5 жылдан 10 жылға дейін (02), 10 жылдан 15 жылға дейін (03), 15 жылдан астам (04), анықталмаған (05).*

16.4 КҚ залалының сипаттамасы:

*жоқ (01), алдыңғы (02), артқы (03), оң жақ (04), сол жақ (05), көптеген (06), өрт (07), төбе (08), төменгі (09), қозғалтқыштың ығысуы (10), алдыңғы осьтің ығысуы (11), артқы осьтің ығысуы (12).*

17. ЖКО кінәлі қатысушысы:

*электр скутерінің жүргізушісі (01), шағын электр көлік құралының жүргізушісі (02), мопед жүргізушісі (03), жеңіл автомобиль жүргізушісі (04), такси паркінің такси жүргізушісі (05), жеке тасымалдаушы (06), автобус жүргізушісі (07), жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын автобус жүргізушісі (08), жүк көлігінің жүргізушісі (09), велосипедші (10), арнайы қызмет жүргізушісі (жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция) (11), басқа КҚ (12), ЖКО орнынан жасырынған жүргізуші (13), жаяу жүргінші (14), ЖКО орнынан жасырылған жаяу жүргінші (15), жол қызметі (16), мердігерлер, жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүзеге асырушы (17), коммуналдық қызметтер (18), жануар иесі (19), жануардың анықталмаған иесі (20).*

18. ЖКО кінәлінің жағдайы:

*мас болу белгілерінің болмауы, мас емес (1); алкогольдік мас болу (2); есірткілік мас болу (3); уытқұмарлық мас болу (4); денсаулығының күрт нашарлауы (5); жолда үздіксіз болу уақыты (6).*

19. ЖКО зардап шеккендердің аты-жөні (болған жағдайда):

Тегі	Аты	Мәртебесі	Жынысы	Жасы

*жәбірленушінің мәртебесі: жараланған (01), қайтыс болған (02), белгісіз (03).*

*Жынысы: еркек (01), әйел (02).*

*жасы: 6 жасқа дейін (01), 7-12 жас (02), 13-17 жас (03), 18-20 жас (04), 21-29 жас (05), 30-39 жас (06), 40-49 жас (07), 50-59 жас (08), 60 жас және одан жоғары (09).*

20. Осы ЖКО адамдардың қаза болуына және/немесе жаралануына әкеп соққан жол, жол инфрақұрылымы және/немесе КҚ құрылымының элементтерін көрсету

21. Осы ЖКО жасалған жерде (300 метр) және телімде (1000 метр) соңғы үш жылда тіркелген ЖКО саны (көрсету: ЖКО себебі мен түрі; адамдардың қаза болуына және/немесе жаралануына әкеп соққан жол инфрақұрылымы және/немесе КҚ құрылымының элементтері)

22. Жол-көлік оқиғасы болған жерде және телімде жол жағдайлары тексерілді ме, кемшіліктерді жою шаралары қабылданды ма, қозғалыс жылдамдығы нормаланды ма \_\_\_\_\_

23. Жол кұрылыстарының зақымдануының сипаттамасы: \_\_\_\_\_

24. Жол қызметі қызметкерлерінің әрекеттері:  
*КҚ зардап шеккен адамды бұғаттан шығару (1), өрт сөндіру (2), алғашқы көмек көрсету (3), ЖКО орнында қозғалысты ұйымдастыру (4) жүргізілмеген (5).*

25. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар \_\_\_\_\_

26. Фото және / немесе бейнетүсірілім осы актіге қоса беріледі:

**Комиссия мүшелері:**

**Танысты:**

**ЖПУ қызметкері** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **КҚ жүргізушісі**

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, лауазымы) қолы

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, лауазымы) қолы

**ЖПҚ қызметкері** \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы)

\_\_\_\_\_ қолы

**В қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Автомобиль жолдарының қозғалысы қауіпсіздігі аудиторының мінез-құлық кодексі**  
(үлгі)

**В.1 Кіріспе**

ЖҚҚА көрінісі – бұл жоғары жол-көлік оқиғасы қауіпсіз жол әлемі. Жолдардың жол қауіпсіздігіне әсерін түсіне отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясының 74/229 [18] қарарымен бекітілген 2021-2030 жылдарға арналған Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі онжылдықтың жаһандық жоспары қабылданды. Жаһандық жоспар «Қауіпсіз жүйе» тәсіліне негізделген және ЖКО ауырлығын кемінде 50%-ға төмендетуге бағытталған.

**В.2 Этика**

Сенім, тура және адалдық құндылықтары ЖҚҚА негізінде жатыр және оның тұрақтылығының кілті болып табылады. Дәл осы негізде біз қарым-қатынасты бастаймыз және осы құндылықтарды үнемі құрметтеу арқылы ЖҚҚА тұрақтылығы артады. Жол қауіпсіздігі аудиторлары паракорлық пен алаяқтыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Бұл ЖҚҚА паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының бөлігі.

**В.3 Қауіпсіздік**

Қауіпсіздік ЖҚҚА үшін өте маңызды. ЖҚҚА әдетте апат қауіпсіз жоғары жолдарға назар аударады және аудиторлардың ЖҚҚА байланысты барлық тәуекелдер туралы хабардар болуы және басқаруы өте маңызды. Аудиторлар жұмыс уақыты, жол сапарлары, инспекциялар және деректерді жинау, барлық басқа қажетті жедел іс-шараларды оқыту және қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету сияқты мәселелерді ескеретін денсаулық пен қауіпсіздік жоспарын дайындап, қолдауы керек.

**В.4 Сапа**

ЖҚҚА жұмыстың сапасын жоғары бағалайды. Жұмыс сапасының төмендігімен ЖҚҚА өмірді құтқару әлеуеті төмендейді. Бұл ЖҚҚА беделіне де кері әсер етеді. Аудиторлар техникалық сипаттамаларға, нұсқаулықтарға және нұсқаулықтарға сәйкес сапаның ең жоғары деңгейімен жұмыс істеуі керек. Аудитор деректерді, талдауларды немесе нәтижелерді бұрмаламауы керек. Егер ведомстволық нормативтің талаптары жоғары сапаға сәйкес келмесе, кез келген аудитор уәкілетті органдарға хабарлауға міндетті. Аудитор өзінің дағдылары мен білімін сақтау үшін оқыту мен тәжірибе жүргізуге міндеттенеді.

**В.5 Нарықтық баға**

Аудиторлар алатын қызметтердің бағасы ақылға қонымды болуы керек.

**В.6 Құпиялылық**

Аудиторлар мен олардың қызметі тапсырыс берушілер мен барлық мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастыққа, өзара сенім мен құрметке байланысты. Егер тапсырыс берушімен жасалған шарттар арасында өзгесі көзделмесе, ЖҚҚА шеңберінде алынған барлық нәтижелер құпия болуы тиіс.

